

Қазақ спорт және туризм академиясы

ӘОЖ 797. 21:796. 015 (574)

Қолжазба құқығында

**ЕРМАХАНОВА АМИНА БАХИТОВНА**

**Мәнерлеп жүзуден алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибе негізінде фитнес құралдарын қолдана отырып, спорттық резервті даярлауды оңтайландыру**

6D010800 – Дене шынықтыру және спорт

Философия докторы  
Дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация (PhD)

Ғылыми кеңесшілер:  
педагогика ғылымдарының кандидаты,  
доцент Д.К. Нұрмұханбетова

П.Ф. Лесгафт атындағы Ұлттық мемлекеттік  
дене шынықтыру, спорт және  
денсаулық университетінің  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор А.И. Крылов

Қазақстан Республикасы,  
Алматы 2018

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	4
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	5
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	8
<b>КІРІСПЕ</b> .....	9
<b>1 МӘНЕРЛЕП ЖҮЗУДЕН СПОРТТЫҚ РЕЗЕРВТІ ДАЯРЛАУ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН САРАПТАМАЛЫҚ ШОЛУ</b> .....	17
1.1 Қазақстан Республикасында мәнерлеп жүзу бойынша БЖСМ жұмысын ұйымдастыру мен оның әдістемелік ерекшеліктері.....	17
1.2 Мәнерлеп жүзумен шұғылданушы жас спортшы қыздардың физиологиялық ерекшеліктері .....	19
1.3 Бастапқы даярлық (БДТ) және оқу-жаттығу топтарында (ОЖТ) спорттық резервті даярлаудың бағдарламалық және нормативтік негіздеріне шолу жүргізу.....	28
1 бөлім бойынша тұжырым.....	46
<b>2 ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ</b> .....	48
2.1 Зерттеу әдістері .....	48
2.1.1 Зерттеу мәселесі бойынша арнайы ғылыми-әдістемелік әдеби деректемелерге сараптама жүргізу және жалпылау.....	48
2.1.2 Антропометриялық өлшеулер .....	48
2.1.3 Медициналық-биологиялық өлшеулер.....	49
2.1.4 Педагогикалық бақылау.....	52
2.1.5 Педагогикалық эксперимент.....	53
2.1.6 Сауалнамалық сұрау.....	53
2.1.7 Денелік және техникалық даярлықты тестілеу.....	54
2.1.8 Дене құрылымдарына талдау жүргізу.....	57
2.1.9 Алынған нәтижелерді математикалық өңдеуден өткізу.....	58
2.2 Зерттеудің ұйымдастырылуы.....	58
2 бөлім бойынша тұжырым.....	60
<b>3 БЖСМ-ДЕ МӘНЕРЛЕП ЖҮЗУДЕН СПОРТТЫҚ РЕЗЕРВТІ ДАЯРЛАУДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ҮШІН ФИТНЕС ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ</b> .....	61
3.1 Мәнерлеп жүзуден жалпы дене даярлығы бойынша бағдарламаны жетілдірудің алғышарттары.....	61
3.2 Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды даярлаудың бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құралдарын пайдалану бағдарламасының сипаттамасы .....	64
3.3 Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құралдарын пайдалану бағдарламасын қолдану сабақтарының құрылымы мен ұйымдастырылуы.....	77

3 бөлім бойынша тұжырым.....	90
<b>4 БЖСМ-ДЕ МӘНЕРЛЕП ЖҮЗУДЕН СПОРТТЫҚ РЕЗЕРВТІ ДАЯРЛАУДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ҮШІН ФИТНЕС ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....</b>	<b>91</b>
4.1 12 жас және одан кіші жасанаттағы мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың педагогикалық эксперимент барысында дамуының морфофункционалды көрсеткіштері динамикасының сараптамасы.....	91
4.2 Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың педагогикалық эксперимент барысындағы дене және техникалық даярлығы көрсеткіштерінің динамикасы.....	106
4.3 ҚР спорт резерві мен мәнерлеп жүзу бойынша құрама команда спортшылары дене құрылымдарының салыстырмалы сипаттамасы.....	116
4 бөлім бойынша тұжырым.....	122
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>125</b>
<b>ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР.....</b>	<b>128</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>129</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>144</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Берілген диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер жасалған:

«Дене шынықтыру және спорт» жайлы Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 11 мамырдағы № 65-VI бұйрығымен толықтырылған 2014 жылғы 03 шілдедегі №228-V заңы [1].

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (2016 жылғы 09 сәуіріндегі толықтырулары мен өзгертулері) [2].

«ҚР дене шынықтыру және спортты дамытудың 2025 жылға Тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 11 қаңтарындағы Президенттің №168 Жарлығы [3].

«2016–2019 жылдарға Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2016 жылдың 01 наурызындағы №205 жарлығы [4].

«Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу үдерісін жүзеге асыратын түрлі дене шынықтыру-спорттық ұйымдарының тізбесін және олардың қызмет қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 106 бұйрығы (2016 жылғы 19 мамырдағы толықтыруларымен өзгертулері) [5].

«2025 жылға дейін Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спортты дамыту Тұжырымдамасын іске асыру бойынша шаралар жоспарын бекіту туралы (бірінші кезең - 2016 – 2020 жылдар)» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі №203 қаулысы [6].

Елбасының Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауы.

Дене шынықтыру және спорт ұйымдары бойынша Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілерінің жинағы: Алматы, 2015ж. [7].

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

**Қимыл амплитудасы** – нақты бір заң бойынша тербелістер жасайтын нөлдік көлем мәнінен үлкен ауытқу (спортшы денесі, оның бөлімі, спорттық снаряд) [8].

**Антропометрия** – өзгерімділігінің сандық сипаттама беруге мүмкіндік беретін жасының, жыныстық, нәсілдік және оның басқа да дене құрылымының ерекшеліктерін бекіту мақсатымен адам денесі мен оның бөлімдерін өлшеу бойынша антропологиялық зерттеудің негізгі әдістерінің бірі.

**Биологиялық жасы** - ағзаның морфологиялық және физиологиялық дамыту дәрежесін көрсететін ұғым [8].

**Бейнелі қимылдар геометриясы**– мәнерлеп жүзуден спортшылардың геометриялық шеңбер, шаршы, доға және т.с.с. сәйкес пішіндерді айқын орындауын сипаттайтын ұғым.

**Гимнастика**–денсаулықты нығайту және ағзаны үйлесімді денелік дамыту үшін қолданылатын арнайы дене жаттығулары мен әдістемелік амалдар жүйесі. Гимнастиканың бірнеше түрлері бар [9]:

**Атлетикалық гимнастика** - әртүрлі бұлшық ет топтары үшін салмақ түсіретін және қарсылықтарымен жаттығулар қолдану жолдарымен айналысатын жан-жақты денені дамыту және сауықтыруға бағытталған дене тәрбиелеу құралдарының бірі.

**Әскери-қолданбалы гимнастика** - әскери парызды сәтті орындауға арналған дене қасиеттері мен қолданбалы машықтарын жетілдіруге бағытталған гимнастикалық жаттығулар жүйесі.

**Гантель гимнастикасы** - гантельдермен орындалатын жаттығу жүйелері. Барлық жас ерекшелігіндегі адамдар үшін жалпыға қолжетімді бұлшық еттің барлық топтарын үйлесімді дамыту құралдарының бірі (жүктеме жеңілірек мөлшерлеп беріледі).

**Гигиеналық гимнастика** - күнделікті сауықтыру және денелік дамыту мақсатымен орындалатын әртүрлі гимнастикалық жаттығулар кешені.

**Емдік гимнастика** - әртүрлі патологиямен байланысты емдік және алдын алу мақсатында қолданылатын дене жаттығулары жүйесі. Әр алуан сырқаттардың алдын алу және оларды емдеу мақсатында белгілі бір мүшелер мен ағза жүйесіне әсер ету құралы ретінде гимнастикалық жаттығулардың арнайы іріктеліп алынған және қатаң мөлшерлі кешендері кеңінен қолданылады.

**Негізгі гимнастика** - жан-жақты үйлесімді даму, денсаулықты нығайту және қимыл қызметтерін жетілдіру мақсатында қолданылатын дене тәрбиесінің аса тиімді құралы. Оның құрамы жүру, жүгіру, сап түзеу, жалпы дамытатын және қолданбалы жаттығулар, тепе-теңдікке арналған жаттығулар, лақтыру, сырғу, гимнастикалық жабдықтармен орындалатын қарапайым жаттығулар.

**Өндірістік гимнастика** - жұмыс күні басталғанға дейін (кіріспе гимнастика) немесе денсаулықты, ағзаның тіршілік әрекетін жақсарту үшін, жұмысқа қосу, шаршауды жою, еңбек өнімділігін арттыру үшін күні бойы (дене шынықтыру үзілісі) орындалатын іріктеліп алынған гимнастикалық арнайы жаттығулар кешені.

**Кәсіби-қолданбалы** - кәсіби қызметтердің жоғары өнімділігі үшін де, сонымен қатар таңдап алынған кәсіпті сәтті игеру үшін қимыл ерекшеліктерін дамыту және жетілдіруге бағытталған әртүрлі гимнастикалық жаттығулар кешені.

**Спорттық гимнастика** - спорттың негізгі түрлерінің бірі, еркін жаттығулардан тұрады, тірек секірулері мен снарядтардағы жаттығулар (маңдайшада, параллельді қоссырық, сақина, ат – ерлерде; әртүрлі биіктіктегі сырықтар, бөрене- әйелдерде).

**Спорттық-қолданбалы гимнастика** – максималды спорттық нәтижелердің олардағы жетістігіне ықпал ететін спорт түрлерінен жалпы және арнайы дене даярлығының құрамды бөлігі.

**Кәсіби қолданбалы гимнастика** – құрал-жабдықтармен және оларсыз ациклді сипаттағы музыкалық сүйемелдеумен орындалатын би, пластикалық, ырғақты элементтерді өзіне енгізіп алатын күрделі үйлесімді спорт түрі.

**Көркем қолданбалы гимнастика** - спорттың басқа да түрлеріне спортшыларды даярлау кезінде қолданылатын көркем гимнастика элементтері.

**Гипоксия** – ағзаның оттегімен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі және (немесе) оның тұтынылуынан жеке мүшелер мен ұлпалардың бұзылысы кезінде туындайтын оттегі жетіспеушілігінің күйі.

**Есу** – мәнерлеп жүзуде - жас спортшы қыздардың қозғалуына, сонымен қатар статикалық күйінің сақталуына ықпал ететін судағы қолдың қозғалысы. Есу денеге қатынасымен және кәрі жілік-білезік буынында бұғу бұрышының қол жағдайымен ерекшеленеді:

**«каноз» есу** – кеуде тұсында жазық-стандартты есу бастың алға жылжуына арнайы қолданылады;

**кері есу** - білезіктің бүгілген күйі арқылы орындалады. Жас спортшы қыздардың арқамен басын алға қозғалтуы үшін қолданылады;

**тіректі есу** - «Тік» жағдайда жазық есу, қолдардың біршама алға созулы. Спортшы қыздардың денесін тік ұстауына мүмкіндік береді;

**жазық есу** - білезік күйіне тән. Негізінен жас спортшы қыздардың әртүрлі күйде арқамен денесін ұстау үшін қолданылады;

**аралас есу** - «Каноз» есуді қараңыз;

**стандартты есу** - білезігінің түзетілген жағдайына тән, жас спортшы қыздардың арқамен аяқтарын алға жылжытуы үшін қолданылады.

**Топ** - мәнерлеп жүздегі техникалық және еркін бағдарлама түрлері, жас спортшы қыздардың бағдарламалық топтарды (4-тен 8-ге дейін) мәнерлеп орындауы.

**Топтау** – мәнәрлеп жүзу ұстанымы: арқамен немесе кеудемен судың бетінде біршама бұрышта, екі аяқ та тізе және жамбас буындарында бүгілген (жамбас су бетіне көлденең, жіліншік суда жатыр).

**Кері топтау:** көкірек су бетіне біршама көлденең, екі аяқ та тізе және жамбас буындарында бүгілген, жамбас су бетінде.

**Тығыз топтау:** арқамен, сан қатты бүгулі, тізелер кеудеге тартылған, табан созулы, сан су бетін бойлай, арқа бүкшиген, бас сәл алға иілген.

**Өкпенің тіршілік сыйымдылығы (ӨТС)** - барынша дем алып, дем шығарған кездегі ауаның көлемі [10].

**Жыныстық жетілу** - (сонымен қатар пубертатты кезең немесе пубертат) кейін есейіп, ұрпақ жалғастыруға қабілетті болатын жасөспірімнің ағзасындағы өзгеріс үрдісі.

**Күштік төзімділік** - бұлшық еттің бұл қабілетін күште бұлшық ет қысқартуларын маңызды түрде жоғалтусыз ұзақ уақыттар ішінде максималды күш тудырады. Анаэробты-гликолитті қуатпен қамтамасыз етудің есебінен басым түрде орындалатын 3-4 минутқа дейінгі ұзақтылығымен максималды қуаттың жұмысы кезінде шаршауға қарсы тұратын қабілеті деп айтуға болады.

**Физиометрия** - функционалды көрсеткіштерді өлшеу (спирометрия – өкпенің тіршілік сыйымдылығы, динамометрия –қолдың бұлшық ет күшін өлшеу) [8].

**Дененің дамуы** - өсімнің динамикалық үрдісі (бойдың ұзындығы мен дене салмағын арттыру, ағза мүшелері мен жүйелерін дамыту) және баланың белгілі бір балалық кезеңінде биологиялық дамуы.

**Фитнес** - бұл дене пішінін және оның салмағын, қол жеткізілген нәтижеге көп уақытқа дейін бекітуге, өзгертуге мүмкіндік беретін сауықтыру әдісі. Ол дұрыс іріктеліп алынған емдеуді үйлестіре отырып, дене жаттығуларын қосады.

**Хронологиялық жас ерекшелігі** (күңтізбелік, төлқұжаттық) – ағзаның даму факторын ескермейтін жас кезеңі.

**Эксперимент** - (латынша. experimentum - сынама, тәжірибе), сонымен қатар тәжірибе, ғылыми әдісте - бақылаушының басқаратын жағдайларында кейбір құбылыстарды зерттеу. Бақылаудан зерттеліп отырған нысанмен белсенді өзара байланысымен ерекшеленеді. Әдетте ғылыми тәжірибе болжамды тексеру, феномендер арасындағы себептік байланыс орнату үшін, қызмет пен ғылыми зерттеулер аясында жүргізіледі.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ДДСҰ - Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы  
ЖСШ - жоғары спорттық шеберлік  
БДТ - бастапқы даярлық тобы  
БЖСМ - балалар мен жасөспірімдердің спорттық мектебі  
ӨТС - өкпенің тіршілік сыйымдылығы  
ДСИ - дене салмағының индексі (Кетле салмақтық-бойлық индексі)  
БТ - бақылау тобы  
СШҰ - спорт шеберлігінен үміткер  
ЕДШ - емдік дене шынықтыру  
ҚМК - қанның минуттық көлемі  
ТЖ –тыныс жиілігі  
ОМҚ - оттегіні максималды қолдану  
СШ - спорт шебері  
ХДСШ - халықаралық дәрежедегі спорт шебері  
КҚК- кеуде қуысының көлемі  
ЖДЖ - жалпы дамыту жаттығулары  
ОЕЦ- овариалды-етеккір циклі  
ЖДД - жалпы дене даярлығы  
ӨБ – өлшем бірліктері  
ОРМБЖСМ - олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі  
СЖ - спорттық жетілу  
ЖҚЖ– жүрек-қантамыр жүйесі  
КСРО - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы  
АТД - арнайы техникалық даярлық  
АДД - арнайы дене даярлығы  
АҚҚ – артериялық қан қысымы  
ТД - техникалық даярлық  
ҚСК - қанның соққы көлемі  
ОЖТ- оқу-жаттығу топтары  
ОЖҰ - оқу-жаттығу үрдісі  
ОЖЖ - орталық жүйке жүйесі  
ЖСЖ - жүрек соғу жиілігі  
ЭТ - эксперименталды топ  
ХОК – халықаралық олимпиада комитеті  
ҚҒТ – кешенді ғылыми топ  
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмыстары  
FINA – Халықаралық жүзу федерациясы  
Х̄- арифметикалық орташа белгі  
t - орташа шамалар айырмаларының нақтылық өлшемдері  
Р - орташа шамалар айырмаларының нақтылық дәрежесі  
n – сыналшылар саны  
m - сарапшылар саны



## КІРІСПЕ

БЖСМ (балалар мен жасөспірімдер спорттық мектебі) – спорттық резерв даярлығын жетілдіруге, жас спортшылардың спорттық шеберлігін шыңдауға және бұқаралық спортты дамытуға бағытталған жоғары топтағы спортшыларды даярлаудағы бірінші кезең [4, б. 1]. Атырау қаласын қоспағанда, Қазақстанның барлық облыстарында 2016 жылдағы жағдайлар бойынша 451 БЖСМ қызмет етті, соның ішінде 145 (33%) олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі (ОРМБЖСМ). БЖСМ саны мен айналысатындардың қатары (298,6 мың бала) өсу беталысын сипаттайды [11], алайда 1991 жылдың деңгейіне (617 БЖСМ болған еді) еліміз әлі де жете қойған жоқ. Жағдайларды жақсарту мәселелері жоғарғы үкімет органдарымен бақыланады: дені сау ұлтты қалыптастырудағы маңызды фактор ретінде дене шынықтыру және спорттың рөлі мен орнының дамуына ықпал ететін «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 03 шілдесіндегі №228-V Заңы қабылданды; «ҚР дене шынықтыру және спортты дамытудың 2025 жылға Тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 11 қаңтарындағы Президенттің №168 Жарлығы берілді [1,б.1; 3, б.1].

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі** - мәнерлеп жүзуден спортшы қыздардың қимыл өнеріндегі сайыстық іс-әрекеті басым келетін және бағаламасы ретінде барлық уақытта күрделеніп отыратын, міндетті бейнелі қимылдар мен ерікті бағдарламаларды орындау техникасы қарастырылатын күрделі-үйлесімді спорт түрі ретінде қарастырылуында. Бұдан басқа, соңғы жылдары жарыстар саны көбейіп, жарыс ережелері жетілдіріліп отыр және мұның барлығы жаттықтыру үрдісін жоспарлау мен өткізу сапасымен байланысты мәселелерге ғылыми зерттеу жүргізуді талап етеді.

Мәнерлеп жүзуші қыздардың ірі спорттық жарыстарда сәтті өнер көрсетуін қамтамасыз ету үшін жан-жақты – жүзу, гимнастикалық, хореографиялық, акробатикалық және дене даярлықтарды талап етіледі (Т.В.Рыбьякова, 2006) [12]. Егер 1984-1992 жылдар аралығында өткізілген Олимпиадалық ойындарда мәнерлеп жүзу бойынша жарыс бағдарламалары соло және дуэт сияқты екі тәртіптен тұрған болса, 2000 жылдан бастап сайыстар топтар мен дуэттер арасында өткізіле бастады, мұның өзі спортшыларды даярлау мәселесін күрделендіре түсті. Соңғы жылдары ірі спорттық жарыстарға қатысушылар жасының айқын төмендеуі байқалады, бұл өз кезегінде БЖСМ шұғылданушылардың бастапқы жас кезеңінің төмендеуіне, техникалық элементтердің біршама күрделендірілуі мен мәнерлеп жүзуші қыздардың жекелей және топпен орындалатын жаттығуларда айқын мамандандырылуы негізінде оқыту мерзімін қысқартуға әкеп соқты. FINA қазіргі (2017-2021 жж.) ережелері мен ұсынылып отырған көрсетілім бағдарламалары жаттықтырушылардың спортшы қыздарға бастапқы мамандандырылуынан бастап күрделі акробаттық жаттығуларды ертерек үйрету мүмкіндіктерін іздестірудің басты себебі болды.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешу мәнерлеп жүзу саласы бойынша нақты тәжірибесі мен маңызды жетістіктері бар Қазақстан Республикасының дене шынықтыру, спорт жүйесі үшін өзекті және тәжірибелік тұрғыда маңызды болып келеді. Айта кетерлігі, мәнерлеп жүзу Қазақстан Республикасына өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап енгізіле бастады. Құрамына мәнерлеп жүзу енгізілген су спорт түрінен Республикалық федерация құру, ұйымдастыру мен басқа мәселелерді шешуге және Қазақстандық спортшы қыздардың осы салыстырмалы түрде «жас» спорт түрінен табысты жетістіктерінің негізін қалауға мүмкіндік берді. Мысалы, 2000 жылы мәнерлеп жүзуден Қазақстандық дуэт (Г. Шатная и және А. Каримов) алғаш рет Олимпиадалық ойындарға (Сидней) қатысып, 21-ші, 2004 жылы (Афиныда) 18-ші, 2008-ші жылы (Пекинде) 20-шы, 2012 жылы (Лондонда) 15-ші және соңғы 2016 жылғы Олимпиадалық ойындарда (Рио-де-Жанейро) 15-ші орынды иеленді. Қазақстандық мәнерлеп жүзуші спортшы қыздар халықаралық спорттық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпаздары, Әлем чемпионатының (2011 жыл Шанхай) финалистері болып табылады және 2016 жылдан бері жүйелі түрде Азиялық ойындарға қатысып келеді. Өкінішке орай, мәнерлеп жүзудің Қазақстанда таралу аумағы аса кең емес, еліміздің құрама командасы негізінен Алматы, Астана және Теміртау сияқты үш қала өкілдерінен тұрады. Бұл жағдай бәсекелестікке қабілетті спорттық резервті даярлауда да айқын байқалады. Бұдан басқа жоғары білікті жаттықтырушылар мен олардың дәрежесін ұйымдастырудың жетіспеушілігі де ықпалын тигізеді. Оқу-жаттығу үрдісінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлерде жинақталған білімдер мен материалдарға негізделеді және спорттық резервті даярлаудың аймақтық ерекшеліктерін ескере алмайды. Сондай-ақ, мәнерлеп жүзу мен шұғылдану үшін дұрыс материалдық-техникалық базаны құру, оның көлемі, судың тереңдігі мен температурасы бойынша халықаралық талаптарға сай келу мәселесі де өзекті болып отыр.

Мәнерлеп жүзудің арнайы қасиеттері ескеріле отырып, спорттық резервті және еліміздің тұтастай құрама командасын орталықтандырылған жүйеде даярлауға арналған арнайы музыкалық құрал-жабдықтардың, су асты бейнетүсірілімдердің, тренажерлардың, акробатикалық және хореографиялық залдардың болуы қажет.

Аталған мәселелерді ескере отырып және Қазақстанның жүзуші қыздарын даярлауды жетілдіру жолдарын іздестіру мақсатында, берілген спорт түрі бойынша алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибе мен жас мәнерлеп жүзуші қыздарды даярлауға тән ұстанымдарға, сондай-ақ жас жүзуші спортшы қыздардың бастапқы даярлық кезеңдеріндегі дене дамуына, денсаулық күйіне, дене және техникалық даярлығына фитнес-құралдары мен сәйкес әдістемелердің әсер ету заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін кешенді ғылыми зерттеулердің жоқтығына сүйене отырып, біз берілген зерттеу бойынша «Мәнерлеп жүзуден алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибе негізінде фитнес құралдарын қолдана отырып, спорттық резервті даярлауды оңтайландыру» тақырыбын таңдап алдық.

**Зерттеу мәселесі** - мәнерлеп жүзуден мамандандырылушы спортшы қыздардың спорттық резервінің денелік және техникалық даярлығына фитнес құралдары мен сәйкес жаттықтыру бағдарламаларының әсер ету заңдылықтарын зерттеу.

**Зерттеудің әдістемелік негізі** жалпы спорт теориялары бойынша мамандардың негізгі әзірлемелері және Н.Ж. Булгакова [13,14], Ю.В. Верхошанский [15], Л.П. Макаренко[16], А.Р. Воронцов [17], Т.Н. Кузнецова [18], А.В. Козлов [19,20], А.Д. Викулов [21], А.М. Мамытов [22], И.Ф. Андрущишин [23, 24], М.Н. Шепетюк [25], Б.А. Ашмарин [26], Т.С. Лисицкая [27, 28], О.А. Шинкарук [29], А.М. Якимов [30], Т.В. Рыбьякова [31] және т.б. әзірлеген спорттық жаттығулар әдістемелері болып табылады. В.Н. Платонов [32, 33], Ю.М. Николаев [34] , В.К. Бальсевич [35], Ж.К. Холодов пен В.С. Кузнецов [36, 37], В.И. Лях [38, 39], Л.П. Матвеев [40, 41], Н.Г. Озолин [42], Ю.Ф. Курамшин [43], Л.А. Карпенко [44], В.Б. Иссурин [45], Н.И. Шарабакин мен К.У. Мамбеталиев [46], А.М. Максименко [47], Е.Қ. Уанбаев [48, 49], Е.К. Сейсенбеков [50], Р.Р. Аманбаев [51], А.А. Васильков [52] әзірлеген дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінің, В.П. Филин [53, 54], В.Г. Никитушкин [55], М.В. Приставкаина [56], Т.М. Абсалямов [57], Т.С. Тимакова [58], Л.В. Волков [59], В.Н. Авсиевич [60], Л.А. Карпенко [61], В.Б. Алабин [62] және т.б., әзірлеген жас спортшылардың көпжылдық даярлығының теориялары, сонымен қатар Н.Ж. Булгакова [63, 64], М.Н. Максимова [65], В.А. Парфенов пен Ю.А. Кононенко [66], А.А.Кашкин мен О.И. Попов [67], Л.П.Макаренко [68], О.Усольцева [69], А.В. Козлов [70 - 73] және шетелдік мамандар Elkington Н. мен Chamberlain J. [74], Mary Jo Ruggieri [75, 76], Jennifer Gray [77], J.P. Verma [78] және т.б. әзірлеген мәнерлеп жүзу және спорттық жүзу теориялары мен әдістемелерінің тұжырымдамалық ережелері ескерілді.

Сондай-ақ, зерттеу жұмысы мәнерлеп жүзуден мамандандырылушы спортшы қыздардың спорттық резервін даярлауды жетілдірудің биологиялық және әдіснамалық бағыттарын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін басты қағидалары мен ережелеріне, осы қыздардың биологиялық жетілу қарқынына байланысты денелік-даму үрдісінің кешенді де, жүйелі түрде зерттелуіне, олардың денелік пен арнайы техникалық даярлық көрсеткіштерін сатылай зерттеу қажеттігі туралы ұстанымға және алынған мәліметтердің объективтілігі мен олардың толыққанды статистикалық өңделу мүмкіндіктеріне негізделеді.

**Зерттеу нысаны** - мәнерлеп жүзуші жас қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі оқу-жаттығу үрдісі.

**Зерттеу пәні** – мәнерлеп жүзуші жас қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құрал-жабдықтарын қолдану мүмкіндіктері, оның ұйымдастырылуы мен әдістемесі.

**Зерттеу мақсаты** - мәнерлеп жүзуші жас қыздарды бастапқы мамандандырылу кезеңінде даярлаудың фитнес құрал-жабдықтарын қолдану бағдарламасын жасап, оған эксперименталды негіздеме беру.

**Зерттеу болжамы.** Мәнерлеп жүзуші жас қыздарды даярлаудың бастапқы мамандандырылу кезеңінде жүргізілетін оқу-жаттығу іс-шаралары барысында фитнес құрал-жабдықтары қолданылған жағдайда біршама тиімдірек болады.

### **Зерттеу міндеттері:**

1. Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды бастапқы мамандандырылу кезеңінде даярлауды зерттеу мен талдау.

2. Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі даярлығы барысында фитнес құралдарын қолдануға арналған оқу-жаттығу үрдісінің мазмұнын ашу.

3. Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңінде жүзеге асырылған оқу-жаттығу үрдісінің жаңа мәнінің тиімділігін эксперименталды тұрғыда тексеру және практикалық ұсыныстар құру.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу мақсатына сай төмендегідей зерттеу әдістері қолданылды:

1. Зерттеу мәселесі бойынша арнайы ғылыми-әдістемелік әдеби деректемелерге сараптама жүргізу және жинақтау

2. Антропометриялық өлшеулер.

3. Медициналық – биологиялық өлшеулер.

4. Педагогикалық бақылау.

5. Педагогикалық эксперимент.

6. Сауалнама жүргізу.

7. Денелік және техникалық даярлықты тестілеу.

8. Дене құрылымдарына талдау жүргізу.

9. Алынған нәтижелерді математикалық өңдеуден өткізу.

**Жұмыстың ғылыми жаңалығы.** Зерттеу барысында бірқатар нәтижелер алынды:

- мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды олардың бастапқы мамандандырылу кезеңінде даярлау кешенді сипатты болып, спорттық тұрғыда жоғары жетістігі бар бірқатар елдерде фитнес құрал-жабдықтарын қолдану кеңінен жүзеге асырылуда, ал жарыстар мазмұны шұғылданушылардан жан-жақты даярлықты талап ететін күрделі құрылымды болып келеді;

- оқу-жаттығу үрдісінің жаңа мазмұны классикалық аэробиканың, хореографияның, мәнерлеп жүзу мен жаттығулардың музыкалық сүйемелденуімен және нақты бір ырғақпен орындалып, икемділік, ептілік және үйлесімділік қабілеттерін дамытатын техникалық элементтердің өзара байланысты құралдарының жиынтығы ретінде қарастырылады;

- мәнерлеп жүзуден тәжірибелік ұсыныстар ретінде қолданылуы мүмкін жас спортшы қыздардың денелік дамуын, денелік және техникалық даярлығын сипаттайтын жаңа эксперименталды мәліметтер алынды.

### **Қорғауға шығарылған негізгі ережелер:**

1. Мәнерлеп жүзуден жас спортшы қыздарды бастапқы даярлау кезеңіне фитнес бағытты жаттығуларды енгізу спорттық резервті даярлау тиімділігін арттырудағы маңызды қадам болып табылады.

2. Оқу-жаттығу тиімділігіне мәнерлеп жүзудің хореографиялық, техникалық элементтері жоғары үйлесімділікпен, белгілі бір ырғақпен және музыкалық сүйемелдеумен ұйымдастырылуы жағдайында қол жеткізуге болады. Бұл жерде шұғылданушылардың жан-жақты даярлығын қамтамасыз

ету міндеттерін ескере отырып сабақтың дайындық, негізгі және қорытынды бөлімдерінің құрылымын жасау қажет.

3. Мәнерлеп жүзуден жас спортшы қыздардың көпжылдық даярлығының бастапқы кезеңдеріндегі денелік дамуын, денелік және техникалық даярлығын айқындайтын педагогикалық эксперимент нәтижелері.

4. Қазақстан Республикасының БЖСМ арналған мәнерлеп жүзу сабақтарының ғылыми-негіздемелі бағдарламасы спортшы қыздардың бастапқы даярлық кезеңінен спорттық шеберліктері жетілдірілгенге дейінгі кезеңді қамтитын көпжылдық даярлығы өлшемдерінің мәнін ашуға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы.** Алынған нәтижелер балалар мен жасөспірімдер спортындағы спорттық жаттығудың теориясы мен әдістемесін мамандандырылудың бастапқы кезеңінде ұйымдастырылған оқу-жаттығу үрдісінің мазмұны, негізгі жаттығу құралдарын қолдану ерекшеліктері, фитнес құралдарының мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың денелік дамуына әсері, денелік, техникалық даярлығы мен жалпы жаттығу барысының басқарылуы туралы жаңа ғылыми білімдермен және түсініктермен қалыптастырады.

**Зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік маңыздылығы.** Диссертациялық зерттеудің негізгі ғылыми ережелері мен қорытындылары мәнерлеп жүзуден жас спортшы қыздардың оқу-жаттығу үрдісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жинақталған жұмыс тәжірибесі және мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құралдарын қолдана отырып, оқу бағдарламасы спорттық резервті даярлауды кеңінен тарату мен іс-жүзінде қолдану үшін ұсынылады. Жұмыс нәтижелері жаттықтырушылардың мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың функционалды және бейімделу мүмкіндіктерін ескере отырып, ЖДД және АДД жаттығу жүктемелерін тиімді бөлуіне мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері басты тәжірибелік құндылығы Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері комитетімен мақұлданған мәнерлеп жүзу спортынан БЖСМ, ОРМБЖСМ, спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарға, жоғары спорттық шеберлік мектептеріне алғаш рет арналып құрастырылған оқу бағдарламасының жасалынып, қолданысқа енгізілуінде.

**Диссертациялық зерттеулердің сенімділігі мен негіздемелігі** мәнерлеп жүзуден алдыңғы қатарлы әлем тәжірибесі негізінде фитнес құралдарын, сондай-ақ, тиянақты зерттеу әдістерін қолдану арқылы спорттық резервті даярлауды жетілдірудің ғылыми негіздемелі қағидаларымен, нақты қойылған зерттеу мақсаты мен одан туындайтын зерттеу міндеттермен, тақырыптың арнайылығымен, зерттелушілердің дұрыс іріктелуімен, алынған эксперименталды материалды жан-жақты сандық және сапалық сараптаумен, мәнерлеп жүзуден фитнес құралдарын қолдану арқылы спорттық резервті даярлаудың ұсынылып отырған бағдарламасын қолдану нәтижелерінің дәйекті сараптамасымен, алынған нәтижелердің ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалуымен дәлелденеді. Зерттеу барысында алынған

нәтижелерді сараптамадан және өңдеуден өткізу үшін математикалық статистиканың тиісінше әдістері қолданылды.

**Берілген жұмыстың басқа ҒЗЖ және әртүрлі мемлекеттік және халықаралық бағдарламалармен байланысы.** Диссертациялық жұмыс «Гимнастика және жүзу» кафедрасында 2011-2020 жылдарға Қазақ спорт және туризмін дамыту бағдарламасына; 2016-2021 жылдарға қойылған ҚазСТА ҒЗИ жоспарына; Қазақстан халқына Президенттің жыл сайынғы Жолдауларында көрсетілген міндеттерге; Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 3 шілдесіндегі «Дене шынықтыру және спорт туралы» № 228 –V ЗРК Заңына, 2017 жылдың 11 мамырында енгізілген өзгертулері мен толықтырулары №65-VI; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі «2025 жылға дейін (бірінші кезең - 2016 – 2020 жылдар) Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт Тұжырымдамасын іске асыру бойынша шаралар Жоспарын бекіту туралы» №203 Қаулысына; ҚР Мәдениет және спорт министрінің «Жоғары сыныпты спорттық резерв пен спортшыларды даярлау бойынша оқу-жаттығу үрдісі жүзеге асырылатын дене шынықтыру және спорттық ұйымның түрлерінің және олардың жұмысының ережелер тізімін бекіту туралы» 2014 жылдың 22 қарашасындағы №106 бұйрығына сай орындалды.

**Автордың жеке үлесінің мәні** БЖСМ жұмысын реттейтін ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге, бағдарламалық - нормативті құжаттарға жүргізілген сараптамаларда, педагогикалық эксперимент дайындалуы мен жүргізілуінде, сонымен қатар алынған деректердің өңделуінде.

Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша сәйкес қорытындылар тұжырымдалып, зерттеу нәтижелері жарияланды. Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды, бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құралдарын қолдана отырып даярлау бағдарламасы БЖСМ-де спорттық резервті даярлаудағы оқу-әдістемелік даярлаудан оқу-жаттығу үрдісінде қолдану үшін ұсынылады.

**Зерттеу нәтижелерін сынамадан өткізу және енгізу.** Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен зерттеу нәтижелері: халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (Ресей (Санкт-Петербург), 2016; Қазақстан (Алматы), 2017; Монғолия (Улан-Батор), 2018; Ресей (Томск, Санкт-Петербург), 2018), ҚазСТА «Гимнастика және жүзу» кафедрасында жүргізілетін жиналыстар мен семинарларда (2015-2018жж.) ұсынылды.

Зерттеу материалдары Алматы қаласындағы №5 МК БЖСТМ және ҚР су спорт түрлері федерациясының мәнерлеп жүзу бойынша оқу-жаттығу үрдістері ұйымдастырылуы барысында қолданылады (енгізу актілері А-қосымшада берілді).

**Зерттеу нәтижелерінің жарияланымды.** Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері 13 ғылыми жарияланымдарда көрсетілді, соның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдарда 5 мақала; Scopus халықаралық базасына кіретін журналдағы 2-мақала, Халықаралық конференциялардағы материалдарда 5 мақала, соның ішінде 4 шетелдік конференцияларда, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің

Спорт және дене шынықтыру істері комитеті мақұлдаған мәнерлеп жүзу бойынша БЖСМ мен ОРМБЖСМ арналған 1 оқу бағдарламасы ұсынылды.

**Диссертация құрылымы мен көлемі.** Диссертация кіріспе, 4-бөлім, қорытынды, тәжірибелік ұсыныстар, қолданылған дереккөздерді қолдану тізімі және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық зерттеу материалдары 155 беттерде баяндалады, 36 кестелерден, 25 суреттерден тұрады. Жұмыста 228 ғылыми дереккөз бен арнайы әдебиеттер қолданылды.

**Кіріспе бөлімінде** диссертациялық зерттеудің таңдалып алынған тақырыбының өзектілігі негізделеді және ғылыми аппаратқа сипаттама берілген.

**Бірінші** «Мәнерлеп жүзуде спорттық резервті даярлау бойынша ғылыми әдебиеттерге сараптамалық шолу» **бөлімінде** Қазақстан Республикасында мәнерлеп жүзу бойынша БЖСМ-нің ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысына, мәнерлеп жүзуден жас спортшылардың жас ерекшелігі мен физиологиялық көрсеткіштері мен бастапқы даярлық топтарында әдістемелік ұсыныстарға және спорттық резервті даярлаудың бағдарламалық-нормативті негіздеріне шолуға сипаттама берілген.

**Екінші** «Зерттеу әдістері мен ұйымдастырылуы» **бөлімінде** педагогикалық және медициналық-биологиялық зерттеу әдістері, олардың мәні мен мазмұны, сонымен қатар, нақты деректерді математикалық өңдеуден өткізудің классикалық әдістері ұсынылған.

**Үшінші** «БЖСМ-де мәнерлеп жүзуден спорттық резервті даярлауды оңтайландыру үшін фитнес құралдарын пайдалану бағдарламасының мазмұны» **бөлімінде** мәнерлеп жүзуден жалпы денелік даярлық бойынша бағдарламаны жетілдірудің алдыңғы шарттары ұсынылады. Педагогикалық эксперимент мазмұны фитнес құралдарын қолданудың бағдарламасы, тренажерларда қолданылатын фитнес жабдығының сипаттамалары, сонымен қатар, ұсынылған құрылым сипаттамасы мен оқу-жаттығу сабақтарын ұйымдастыру түрінде берілген.

**Төртінші** «БЖСМ-де мәнерлеп жүзуден спорттық резервті даярлауды оңтайландыру үшін фитнес құралдарын пайдаланудағы педагогикалық эксперименттің нәтижелері» **бөлімінде:** мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың дамуының морфофункционалды көрсеткіштерінің динамикасы, денелік және техникалық даярлық динамикасы, Қазақстан Республикасының мәнерлеп жүзуден спорттық резервтерін даярлау бойынша және құрама командалары спортшылары ағзасының салыстырмалы құрамдастарын, сонымен қатар еліміздегі мәнерлеп жүзу бойынша жаттықтырушылардың өткізілген сауалнамалық сұрақтар сараптамасы мен оның нәтижелері берілген.

**Қорытынды бөлімінде** зерттеу барысында жасалған ғылыми қорытындылар мен тәжірибелік ұсыныстар келтірілген.

**Қосымшаларда** спорттық резервті даярлаудың оқу-жаттығу үрдісінде зерттеу материалдарын, қолданылатын жатығулар кешенін, жаттықтырушыларға арналған сауалнама түрлері және басқа да қосымша материалдар мен енгізу актілері берілген.

# **1 МӘНЕРЛЕП ЖҮЗУДЕН СПОРТТЫҚ РЕЗЕРВТІ ДАЯРЛАУ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН САРАПТАМАЛЫҚ ШОЛУ**

## **1.1 Қазақстан Республикасында мәнерлеп жүзу бойынша БЖСМ жұмысын ұйымдастыру мен оның әдістемелік ерекшеліктері**

Мектеп жасындағы балаларды арнайы спорттық даярлау жүйесіндегі басты мақсаты, жан-жақты және денелік тұрғыда күшті тұлғаны дамыту болып табылады.

Спорттық резервті даярлау жүйесі ең алдымен балалар мен жасөспірімдер спортының теориясына және әдіснамасына негізделген. Балалар мен жасөспірімдер спортын ұйымдастыру бойынша ғылыми-әдістемелік зерттеулердің сараптамасы әлемдік тәжірибеде ұзақ мерзімді спорттық жаттығулар жасаудың теориялық және тәжірибелік мәселелерінде, оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыруда, оқу жүктемесінің құрылымын реттеуде және т.б. үлкен тәжірибе жинақталған.

Жастар спортының теориясы мен әдіснамасын дамытуға және спорттық резервтерді даярлау жүйесіне В.П. Филиннің (1968-1996), Р.Е. Мотылянскаяның (1971-1978), М.Я. Набатникованың (1982), Ю.Г. Травиннің (1985), В.К. Бальсевичтің (1975-2005), Н.Ж. Булгакованың (1978, 1986), В.М. Волковтың (1983), Л.В. Волковтың (1984), Ю.Д. Железняктың (1988), Г.Н. Максименконың (1973-1990), В.Г. Алабинның (1988), В.Г. Бауэрдің (2005), В.П. Губа (2009), В.Г. Никитушкинның (1988-2009) және басқа да ғалымдардың ғылыми еңбектері баға жетпес үлес қосты [79, б. 9].

Спорттық резервті даярлау жүйесін ұйымдастыру және шет елдердегі балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту тәжірибесі О.Н. Вареникпен ұсынылды [80, б. 323-324]. АҚШ, ГФР, ҚХР, Австралия, Финляндия және Малайзиядағы мәселенің жай-күйін талдау негізінде автор әкімшілік және басқару жүйесі жұмыс істейтін елдерде балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға басты назар көптеген балаларды тарту болып табылады дене шынықтыру мен спортты дамыту, бұқаралық спортты дамыту, балалар мен жасөспірімдер спортын қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады. АҚШ, Канада, Финляндия және басқа да экономикалық дамыған елдерде мемлекеттік емес негіздерді тарту арқылы ата-аналарды, әртүрлі демеушілерді және т.б. балалар мен жасөспірімдер спортын қаржыландыру заңнамамен реттеледі.

Е.П. Максачук [81], Л.А.Карпенко [82], В.П. Губа [83], А.И. Крылов [84], С.В. Колесникова [85], В.Г. Алабин [86] және т.б. авторлардың пікірі бойынша балалар-жасөспірімдер спортын дамыту үшін негізгі мәселелерді кешенді шешу керек, жеке алғанда:

- ұйымдастырушылық негіздер;
- спорттық іріктеу;
- медициналық-биологиялық салалар;
- жас спортшылардың көпжылдық спорттық жаттықтыруларын басқару үрдісі.



И.И. Приходько мен әріптестер [87], әрі қарай И.И. Столова [88], Н.И. Хотина [89], О.В. Шмерко [90], Н.П. Моисеева [91], И.В. Кулькова [92], Л.М. Куликов пен әріптестері [93], В.Н. Золотов [94], А.И. Федоров [95, 96], Ж.Е. Фирилева [97], Е.Н. Фокина [98], С.Г. Батибаева мен Е.А. Юркова [99] және тағы басқа авторлардың пікірі бойынша, спорттық резервті даярлаудағы маңызды салалар жас спортшыларды тәрбиелеудің педагогикалық бағыттары мен бәсекеге қабілетті жүктемелері, сондай-ақ, балалар мен жасөспірімдер спортының саласы бойынша мамандарды даярлау мәселесі болып табылады.

Спорттық резерв пен балалар мен жасөспірімдер спортын дамытудың қазіргі кезеңі көптеген мәселелерді қарастыру мен қайта қарауды, жас спортшыларға арналған оқу үрдісін ғылыми ұйымдастыруға және жастар спортының саласы бойынша мамандарды даярлауға арналған жаңа жүйелерді құруды талап етеді.

Жасөспірімдер спортының ғылыми зерттеуін жүзеге асыру және жетілдіру үшін: «Олимпиадалық спорт және бұқаралық спорт», «Спорттық резервті медициналық қамтамасыз ету», «Спорт құқығы: даму перспективалары» атты және т.б. жыл сайынғы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен семинарлар өте маңызды болып табылады. Қазақстан Республикасында 2017 жылы өткізілген маңызды спорттық іс-шаралардың бірі XXVIII Дүниежүзілік қысқы универсиада-2017 болды. Осы іс-шара аясында Алматыда «Университеттік спорт - денсаулық және қоғам болашағы» ұранымен FISU Халықаралық студенттік спорт федерациясының халықаралық конференциясы өткізілді.

Осындай іс-шараларда секциялық баяндамаларда мектеп жасындағы балалар үшін спорттық даярлықты жетілдіру мен оңтайландыру және спорттық резервті даярлау мәселелері әрдайым қарастырылады.

1985 жылы Қазақ КСР-де Алматы қаласындағы №4 Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде мәнерлеп жүзу бөлімі ашылды. Бүгінгі таңда елде іс жүзінде әрбір облыс орталығында жүзу бассейні бар, оның ішінде жеке меншіктегілері, бірақ бұл мәнерлеп және спорттық жүзу секцияларының жұмыс істеуі барлық жерде болды дегенді білдірмейді. Өкінішке орай, халықаралық талаптарға сай келетін мамандандырылған және ұлттық құраманы даярлауға арналған тренажерлар, акробатикалық және хореографиялық залдармен, арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген бассейндер мен базалар жеткіліксіз.

Соған қарамастан, Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері комитеті мен су спорт түрлері федерациясы күшімен мәнерлеп жүзу, жаттықтырушылар құрамында және жоғары санатты спортшы қыздарды даярлау жүйесінде балалар спорт мектебінің БЖСМ желісін сақтау мүмкін болады. Бұл фактінің дәлелі ретінде 2017 жылы Ақтөбе мен Өскемен қалаларында мәнерлеп жүзу мектептері ашылды [100].

Қазақстанның мәнерлеп жүзу командасының құрамы негізінен Алматы, Астана және Теміртау қалаларындағы БЖСМ дайындаған спорттық резервтен

тұрады. Республикада мәнерлеп жүзуді одан әрі дамыту болашағы көп жағдайда спорттық резервті даярлау деңгейіне байланысты.

Барлық спорт түрлерінде бастапқы даярлықтың мақсаты және соның ішінде мәнерлеп жүзуде де, жоғары деңгейдегі спорттық шеберліктің одан әрі өсуі үшін, берік негізді дамыту болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін, төменде көрсетілген негізгі міндеттерді іске асыру:

- жас спортшылардың спортқа қызығушылығын арттыру;
- дені сау және денелік тұрғыдан күшті болу;
- дене қасиеттерін, әсіресе икемділік пен үйлестіруді дамыту, хореография, акробатика, ырғақты гимнастиканың бастапқы дағдыларын меңгеру;
- жүзудің барлық тәсілдерін игеру;
- мәнерлеп жүзу, есу, ұстанымдар, арнайы қозғалыстар мен қимылдарды үйрену [65, б.102; 101, б. 4; 102 - 107].

Мәнерлеп жүзу - субъективті спорт және ондағы жоғары жетістіктер көптеген факторларға байланысты. Т.В. Рыбьякованың пікірі бойынша - мәнерлеп жүзу кезінде, қозғалыс өнері берілгені, онда бағалаудың мәні міндетті бейнелі қимылдар мен ерікті бағдарламаларды орындау әдістемесі болып табылады. Мәнерлеп жүзу, гимнастикалық, хореографиялық, акробатикалық және денелік жаттығуларға байланысты спортшы қыздардың үйлесімді дамуына үлес қосатын спорттың бір түрі [12, б.14-15].

М.Н. Максимованың пікірі бойынша мәнерлеп жүзуге үйретудің басты шарты спорттық жүзудің барлық түрлерін игеру болып табылады. Алғашқы даярлық кезеңінде жүзудің барлық спорттық әдістерін дұрыс үйрету қажет [101, б. 5].

Жоғарыда айтылғандарға сүйенсек, мәнерлеп жүздегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері жоғары білікті спортшыларды даярлау жүйесіндегі бірінші кезең болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде жас спортшыларды даярлаудың заманауи теориясы мен әдістемесі әзірленді, сондай-ақ экономикалық дамудың деңгейіне және елдің басқару сипатына байланысты спорттық резервті даярлаудың ұйымдық тәжірибесі жинақталған. Негізгі мәселелерді шешуге, оның ішінде ұйымдастырушылық негіздерге, спорттық іріктеуге, биомедициналық салаларды есепке алуға және көп жылдық оқу үрдісін басқаруға байланысты кешенді әдістердің маңыздылығы танылды. Қазақстан Республикасы мәнерлеп жүздегі мамандандырылған БЖСМ-нің жұмыс істеуі үшін белгілі бір нормативтік-құқықтық базаны құрумен сипатталады, бірақ басты мәселе - олардың санының аздығы және заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілмеуі.

## **1.2 Мәнерлеп жүзумен шұғылданушы жас спортшы қыздардың физиологиялық ерекшеліктері**

Адам дамуының табиғатында оның өмірлік циклі жас кезеңдеріне бөлінеді және әрбір кезең осы циклге тән ағзасының ерекшеліктерімен сипатталады.

В.В. Баранниковтың, С.А. Баранцевтың, А.В. Березиннің және М.В. Малыхиннің пікірлері бойынша қазіргі спорт жасарды және денсаулыққа әсер

етіп, жас спортшыларға үлкен спорт жолында жаппай жаттығуда шамадан тыс жүктемені болдырмау үшін жаттықтырушы дене дамуының жеке және жыныстық сипаттамаларын білуі керек және оқу-жаттығу барысында оларды ескеру қажет [108, б.5]

Жас спортшылардың физиологиялық ерекшеліктерінің көрсеткіштеріне әсер ету мәселесін зерттеуге көптеген ғылыми еңбектер арналған.

М.Н.Максимованың [108, б.12], В.В.Баранниковтың бірлескен авторлықпен [109], В.Н. Платоновтың [110; 111, б.122], А.В. Козловтың [84, б. 30], Н.А. Бернштейннің [112], В.Р. Соломатиннің [113; 114], И.М. Бутиннің [115], Б.Р. Мандельдің [116], Е.А. Великаяның [117], И. Ганчардың [118], Ю.И. Гришинаның [119], В.П. Губаның [120; 121], Ю.И. Кулагинаның [122], О.Б. Ведерникованың [123], Т. Бэчлидің [124], С.Н. Блинков пен С.П. Левушкиннің [125], М.В. Гордееваның [126] және басқаларының еңбектерінде спорт түрлеріндегі дене қасиеттері дамуының сезімтал кезеңдеріндегі пісіп жетілудің жалпы анатомиялық және физиологиялық-психологиялық ерекшеліктері жинақталған. Дене шынықтыру жүктемелерін жасқа байланысты мөлшерлеу мәселелері зерттелді, кейбір спорт түрлерінде, оның ішінде мәнерлеп жүзудегі ерте мамандандырылудың ықпалы қарастырылды, жас спортшыларды көп жылдық даярлық мәселелері анықталды.

М.М. Безрукихтің [127], Д.В. Николаевтың бірлескен авторлықпен [128], М.А. Годиктің [129], А.Г. Дембоның [130], В.И. Дубровскийдің [131; 132], Н.А. Фоминның [133], А.С. Солодков пен Е.Б. Сологубтың [134], В.Ф. Сазоновтың [135], В.Р. Соломатиннің [136; 137], М.Н. Максимованың бірлескен авторлықпен [138], Н.Д. Граевская мен Т.И. Долматованың [139], В.Ю. Давыдовтың [140], Ж.М. Андасованың [141] және т.б. еңбектерінде көпжылдық жаттығу кезеңінде балалар ағзасының физиологиялық ерекшеліктеріне әсер ету мәселелері сипатталған.

Ұзақ уақыт бойы мәнерлеп жүзу әйелдер спорты деп есептеліп келді. Алайда, 2014 жылы Дохада (Катар) FINA Халықаралық жүзу федерациясының конгресінде, су спорты түрлерінен әлем чемпионаттарының бағдарламасы бойынша аралас дуэттерді (ерлер мен әйелдерді) мәнерлеп жүзуде қосуға шешім қабылданды. Бұл 2015 жылдың шілде айында өткен XVI әлем Чемпионатында Татарстан астанасы, Қазан қаласында (Ресей) бастама алды.

Енгізілген өзгерістерге қарамастан, диссертациялық жұмыста, әйелдер спорты ретінде мәнерлеп жүзу бойынша материалдар қарастырылып жалпыланды.

Спорттық резервті даярлау мектеп жасы кезеңін, 6-7 жастан 17-18 жастағы балаларды қамтиды, бұл бастауыш даярлық тобы (БТ 1-2) және оқу-жаттығу топтары (ОЖТ 1-5). Нақты осы кезеңдер дене дамуының, дене бітімінің қалыптасуына, сымбатқа, денсаулықты нығайтуға және әртүрлі қимыл-қозғалыс қабілеттерін қалыптастыру үшін негіз болып табылатын осы кезеңдер.

А.А.Гужаловскийдің [142] пікірі бойынша, егер балалар мен жасөспірімдердің дене қасиеттерін тәрбиелеу үшін қолайлы кезеңді пайдаланбаса, онда осы көрсеткіштің орнын толтыру өте қиынға түседі, әсіресе

белгілі бір сападағы морфофункционалды негіздердің биологиялық жетілуінің негізгі уақыты өтіп кетсе [84, б. 29].

В.Б. Шварц пен С.В. Хрущевтің пікірі бойынша биологиялық кезеңі күнтізбелікке қарағанда, көбірек, адамның онтогенетикалық жетілуін, оның өнімділігі мен бейімделулі реакцияларының табиғатын көрсетеді [143, б.110].

Шетелдік және отандық ғалымдардың әдеби көздерін талдау балалардың денесінің өсу қарқыны мен жетілуін күнтізбелік жастан асуы немесе қалуы мүмкін екенін көрсетеді.

Биологиялық және төлқұжат жасының сәйкестік дәрежесіне қарай акселераттар (немесе акселеранттар) - жедел дамып келе жатқан балалар мен жасөспірімдер, оларда биологиялық жасы төлқұжат жасынан асады; медианттар- төлқұжат жасына сәйкес келетіндер; және ретарданттар- төлқұжат жасынан артта қалушылар болып бөлінеді [134, б. 374].

Соңғы басылымдарының бірінде А.О. Дробинская (2016), акселерация мен ретардацияны биологиялық жастағы айырмашылық ретінде қарастыруға ұсынады, оған сәйкес ағзаның дамуы, өсуі және қартаюы күнтізбеге жатады. Сондай-ақ, автор, акселерацияда ағзаның даму үрдісіне генетикалық және экзогендік (сыртқы ортаның әсер етуі) факторлар әсер етеді деп есептейді. Бұл сондай-ақ ретардация құбылысына да қатысты [144, б. 76].

Г.А. Макарованың [145], Е.Е. Ляксоның [146], Э.Э. Мартиннің [147], В.А. Доскиннің бірлескен авторлықпен [148], М.И. Рахимовтің [149], Ю.И. Савченконың [150], Т.О. Вопраның [151; 152], А.Ю. Кузнецовтың [153], В.Л. Карпманның [154], Ю.А. Ермолаевтің [155] және басқа да көптеген авторлардың пікірі бойынша, даму нормасы және жастық кезең шекаралары шартты және жекелей алғанда бірқатар факторларға байланысты болады, мысалы климаттық, әлеуметтік, этникалық, тамақтанудан және т.б.

Спорт медицинасында балалар жасының кезеңділігі деген ұғым бар, яғни жасты дамудың белгілі кезеңдерге шартты бөлу жүргізіледі. Балалар жасының жас кезеңділіктерінің негізгі қағидалары 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Балалар жасын кезеңдерге бөлу (Аршавский И.А., Вельтищев Ю.Е. бойынша мәлімет, Кисляк Н.С., 1979) [145, б. 184]

Балалық шақ кезеңдері	Жасы
Жаңа туылған	Өмірінің 1-ші айы
Емізулі жас	Өмірінің 1-ші жылы
Мектепке дейінгі жас	1-ден 2,5-3 жасқа дейін
Мектеп алдындағы жас	3-тен 6-7 жасқа дейін
Бастауыш мектеп жасы	7-ден 12-13 жасқа дейін
Жоғары мектеп жасы	12-13-тен 17-18 жасқа дейін

Г.А.Макарованың зерттеулері бойынша түрлі дене көлемдерімен балалардың тобын талдау кезінде олардың даму жылдамдығы жағынан кең иықты топтар ерте жетіледі және акселеративті түрге жақын, одан кейін қысаң

жамбасты ұл балалар және керісінше кең жамбасты, одан кейін қысаң иықты қыз балалар. Сондай ақ, автор жас дамуының жылдамдығы бойынша кешіктірілген түрге кең жамбасты немесе қысаң иықты ұл балалар және керісінше қысаң жамбасты немесе кең иықты қыз балалар аса жақынырақ деген шешімге келді. Осының барлығы дене көлемдерінің құрылымдық түрлері мен олардың жастарының даму жылдамдығы арасындағы морфогенетикалық байланысты анықтады. [145, б. 186].

Спортшыларды спорттық даярлаудың үлкен бөлімі, оның ішінде мәнерлеп жүзуде маманданатын спортшы қыздар, 8-9 жастан 16-17 жасқа дейін жасты кеңінен қамтитын жастық кезеңге немесе жыныстық даму кезеңіне сай келеді [65, б. 213].

И.В. Белоусованың [156], З.Б. Белоцерковскийдің [157], М.Н. Максимованың [158], А. Yermakhanova мен D. Nurmakhanbetova [159], В.М. Ченегиннің [160], А.В. Чудиновскихтің [161], мәнерлеп жүзуге арналған оқу бағдарламаларында [162; 163], сондай-ақ шетел авторлары Teresa C. Alentejano [164], Brayshaw I. [165], Elington H. [166] және т.б. бекітіп айтулары бойынша көпжылдық спорттық даярлаудың кейбір кезеңдерінде ауыртпашылықтарды белгілеген кезде мәнерлеп жүзуден қыздардың биологиялық дамуының ерекшеліктеріне көңіл аудару қажет.

9-10 жасқа дейінгі қыздар-жасөспірімдер негізінен бірдей қарқынмен дамиды. А.В. Козловтің [84, б. 31-32], М.Н. Максимованың [108, б. 11], М.Н. Сандированың [167], В.Н. Болобанның [168; 169] және т.б. бекітіп айтулары бойынша жастық шақ кезеңінің бір уақытта басталуының болмауына және бірқалыпты өтпеуіне байланысты бір төлқұжатты жастағы қыздардың биологиялық дамуын түрлерге бөлу керек болады.

Егер баланың биологиялық жасының күнтізбелік жасынан айырмашылығы болса ол әлеуметтік ортада оның жас талаптарына бейімделуінің бұзылуына әкеп соғады. Биологиялық жастың негізгі критерийлері белгілер жүйесі бойынша топталады [144, б. 87]:

- қаңқа жасын, жыныстық дамуын, тістің жетілгендігін бірлестіретін морфологиялық жетілгендіктің көрсеткіштері;
- физиологиялық және биологиялық көрсеткіштер;
- жүйкелі-психологиялық дамудың көрсеткіштері.

Спортшының жетілгендігінің және биологиялық жасының деңгейін бағалауды анықтаудың көптеген тәсілдері және үлгілері бар. Спорт медицинасында кеңінен таратылған және жаттықтырушылардың тәжірибелік жұмысында көпжылдық спорттық даярлау барысында қолданылатын кейбіреулерін мысалға келтіреміз.

2-кестеде, Ж.Ж. Рапопорт және Е.И. Прахин бойынша балаларда және жасөспірімдерде жыныстық белгілердің пайда болуының уақыты және жүйелілігі көрсетілген [145, б. 187]. Осы әдісте екінші жыныстық белгілерінің пайда болуының жиынтығы бойынша балалар мен жасөспірімдердің жыныстық дамуының деңгейін анықтау бойынша бағалау қолданылады.

Кесте 2 – Балалар мен жасөспірімдерде жыныстық белгілердің пайда болу кезеңдері (Рапопорт Ж.Ж., Прахин Е.И., 1970; Вельпищев Ю.Е. мәлімет бойынша, Кисляк Н.С., 1979) [145, б. 187]

Жасы жылдары	Ағзадағы өзгерістер
Қыз балалар	
8-9	Еніне жамбас сүйегі өсуінің бекітілуі, бөксенің домалануы, мықын ұлпалары өсуінің бекітулері.
9-10	Үрпінің өсуі. Май бездерінің секрециясының өсуі, әсіресе бетте.
10-11	Сүт бездерінің өсуі. Шатта түктің өсуі.
11-12	Сыртқы және ішкі жыныс мүшелерінің өсуі, қынап эпителийінің өзгеруі.
12-13	Сүт бездерінің өсуі. Үрпінің реңденуі. Қынаптың сілті реакциясының өзгеруі (күрт қышқылданады). Етеккірдің басталуы (орташа 13 жаста).
13-14	Етеккір циклінің белгіленуі. Қолтық асты ойықта түктің өсуі.
14-15	Әйел типі бойынша жамбастың анық өзгерістері.
15-16	Уақытылы етеккір, безеулер. Аса төмен дауыс.
16-17	Қаңқа өсуінің тоқтауы.

А.В. Козловтың пікірі бойынша спортшының жетілгендігінің деңгейін анықтаудың аса қарапайым тәсілі Т.С. Тимаковамен ұсынылған биологиялық жасты бағалайтын (ұпаймен) үлгісі болып табылады, 3-кесте [70, б. 34].

Автор ұсынғандай, ұпаймен бағалау келесі үлгі бойынша жүргізіледі: төлқұжат жасының мәнінен сан шегеріледі, осы жағдайда қыздарда 8,5 құрайды.

Егер мәні биологиялық жастың анықталған ұпайының көрсеткішінен төмен болса, онда бұл спортшыда дамудың қарқынды түрі – акселерат екенін көрсетеді. Егер биологиялық жастың анықталған ұпай алынған саннан төмен болса, онда бұл спортшыда дамудың кешіккен түрі – ретардант [70, б. 35].

Мысалы, 12 жастағы қызда жыныстық белгілері биологиялық жастың 2 ұпайына сәйкес келеді. Осылайша, жүргізілген есептеулер нәтижесінде (12-8,5=3,5) биологиялық жастың ұпайы алынған саннан төмен болды, оның даму түрі ретардантқа сәйкес келеді.

М.Н. Максимованың мәліметтері бойынша 13-14 жаста биологиялық жетілудің деңгейі бойынша айырмашылықтар 2-4 жылға жетуі мүмкін, ал 16-17 жаста қыздардың 96-97% осы биологиялық жасқа жатады [65, б. 215].

Кесте 3 – Әйелдердің биологиялық жасын бағалау үлгісі (Т.С. Тимакова бойынша) [58]

Кезеңдері	Ұпай	Жыныстық белгілер
Жасөпірімдік кезең	1	Тері асты майының өсуіне байланысты жыныс мүшелерінің сыртқы түрінің болмашы өзгерістері
	2	Үрпі маңы шеңбері диаметрінің үлкеюі, оның болмашы ісінуі, шатта дара түктерінің пайда болуы (сыртқы зержелердің маңында және олардың қосылуынан жоғары), аяқтың, бойдың ұзындығынан өсуі.
	3	Бөртпе тәрізді кеуде, шаттағы болмашы дара түктер, қолтықасты ойықта түктердің пайда болуы, дене көлемдерінің өзгеруі, күш көрсеткіштерінің өзгеруі.
Нақ жасөпірімдік кезең	4	Сүт бездерінің белгіленуі, шаттағы қара бұйра түктер, қолтық асты ойықта тік дара түктер, жамбас сүйектері өлшеміннің өсуі, жамбас және бөксенің жоғары бөлігінде тері асты майының өсуі, бойдың ұзындығының арқасында дененің өсуі.
	5	Әйелдерге тән түк өсу, оның контурсыз кеуденің өсуі және үрпінің болмашы дамуы кезінде, бірінші етеккірдің пайда болуы (екінші жыныстық белгілердің анық белгіленбеген кезінде де жиі кездеседі)
	6	Етеккір циклінің белгіленуі, жетілу алдындағы кеуде пішіні, дене салмағының артуы, майдың жиналуы, әсіресе бөксенің жоғарғы бөліктерінде, кеуде қуысының өсуі және оның дененің ұзындығының арқасында болмашы өсу
Жасөпірімдіктен кейінгі кезең	7	Нақты контурсыз және үрпінің болмашы ренденуі кезінде сүт бездерінің жетілген түрі, қолтық асты ойыққа қалың түктің өсуі, безеудің шығуы және дауыстың аса төмен тембрінің пайда болуы, теріасты майының азаюы
	8	Үрпінің ренденуі және үрпі маңындағы шеңберден көрініп тұруы, әйел денесі көлемдерінің белгіленуі, теріасты майының азаюы, тері бетінің қаттылануы.
	9	Ересек әйелдің сыртқы келбеті.

А.Р. Воронцов және В.Р. Соломатин өздерінің зерттеулерінде жүзуден жетістіктерге қол жеткізу деңгейі есу қозғалыстарын орындау кезінде қатысатын бұлшықет топтарының күш мүмкіндіктеріне, дененің барлық өлшемдеріне, аэробты және анаэробты көрсеткіштерінің өнімділігіне байланысты екенін анықтады, соматикалық дамудың негізгі көрсеткіштерінің қарқынын анықтады және бұл ретте 11-ден 13 және 14-тен 16 жаста дене ұзындығының, кеуде қуысы құлашының, ӨТС, дене салмағының, бұлшық ет массасының салыстырмалы бір қалыпты өсуін көрсетті. Сондай-ақ ол 13-тен 14 жаста тізілген көрсеткіштер өсудің аса жоғары шыңы болған, және ол биологиялық жетілу (жастық шақтық өзгеру) ұпайының белсенді өсуіне байланысты екені белгілі [17, б. 19].

М.С. Боголюбская, М.Н. Максимова, Г.В. Максимова спортшы қыздардың жыныстық дамуы аяқталғанға дейін жақсы функционалдық негізді қалыптастырған дұрыс деп бекітеді, яғни 13-14 жасқа дейін, өйткені одан үлкен жаста қимыл белсенділігінің жоғары деңгейсіз денеде артық салмақтың өсуіне қарсы тұру қиынға түседі [138, б. 35].

М.Н. Максимованың және т.б. авторлардың ойлары бойынша әйелдер спорт түрі ретінде мәнерлеп жүзуде жаттықтыру барысынан нәтиже алу кезінде ОЕЦ сатысын ескерумен жаттықтыру ауыртпалықтарын дұрыс жоспарлау болып табылады [65, б. 216].

Арнайы әдебиеттерде [65, б. 217; 170, б.1168; 108, б.11] ОЕЦ өтуінің бес сатысының бар екені айтылған, олар: етеккірлік, етеккірден кейінгі, овуляторлы, овуляциядан кейінгі, етеккір алдыңғы. Спортшы қыздардың ағзасы үшін етеккірлік, овуляторлы, етеккір алдыңғы күндер аса ауыр болып есептеледі.

М.Н. Максимованың мәліметтері бойынша циклдің бірінші сатында бұлшықет күшінің, төзімділігінің, шапшаңдық қасиеттерінің төмендеуі болады және оның салдары – спорттық нәтижелерінің төмендеуі. Екінші сатыда спортшы қыздардың жұмысқабілеттіліктерін арттыру үшін, аса жақсы алғышарттар жасалады. Үшінші сатыда, кейбір кезде спортшы қыздарда ауруды сезінумен және ағзадағы жалпы күш түсірудің артуымен ілесетін, қайтадан жұмысқабілеттілік төмендейді (күштің, шапшаңдықтың, анаэробты өнімділіктің көрсеткіштері). Төртінші саты аса ұзақтылығымен ерекшеленеді және спортшы қыздардың тұрақты жұмысқабілеттіліктері бар саты болып табылады. Бесінші сатыда, жана циклдің басталуына 3-4 күнді қамтитын, спортшы қыздарда жалпы жұмысқабілеттіліктерінің болмашы төмендеуі болады [65, б. 216].

Осылайша, әрбір сатыда өзінің қиындықтары бар, оларды спортшылармен жеке жұмыста жаттығу барысын жоспарлау кезінде жаттықтырушымен ескерілуі тиіс, қойылған спорт тапсырмаларына қол жеткізу үшін, осы «сын күндерде» ауыртпалықтарды дұрыс таңдау қажет. Кейде мәнерлеп жүзуші спортшылар өздерінің ішкі жағдайларына қарамастан, денелік және психологиялық ауыртпалықтарға дайындықтарын көрсетулері керек.

Бірқатар зерттеу нәтижелері бойынша «сезімтал» (қолайлы) кезең белгіленді. Сезімтал кезеңдермен кейбір дене қасиеттерінің және қабілеттерінің



дамуына белсенділік көрсетілетін жас болып анықталды [58, б. 27; 171, б. 122]. Сезімтал кезеңдер бойынша мәнерлеп жүзушілерде аса маңызды дене қасиеттерін қалыптастыруда бақыланатын мәліметтер 4-кестеде көрсетілген. Осы мәліметтер мәнерлеп жүзу бойынша жұмыс бағдарламасын әзірлеу кезінде кешенді ғылыми топтың (КҒТ) жұмысының нәтижелері бойынша алынған [108].

Кесте 4 – М.Н. Максимова бойынша мәнерлеп жүзуден мамандандырылушы спортшы қыздарда негізгі дене сапалары дамуының шамамен сезімтал кезеңдері [107, б. 12]

Жасы	Қимыл қабілеттері							Қимылдардың үйлесімділігі
	Күші	Шапшаңдықты-күш	Шапшаңдығы	Икемділігі	Төзімділігі			
					Аэробты	Гликолитті	Күші	
5-6				+				
6-8			+	+				+
8-9			+	+				+
9-10			+	+				+
10-11	+		+	+	+			+
11-12	+		+	+	+	+		+
12-13	+		+		+	+	+	+
13-14	+	+	+		+	+	+	
14-15		+					+	
15-16		+					+	
16-17		+					+	
Ескерту (+) – аса қолайлы жас								


КҒТ мәліметтері бойынша, 4-кестеден дене қасиеттерін дамыту үшін, аса қолайлы жастар көрсетілген:

- 1) 5-8 жас – икемділік және шапшаңдық,
- 2) 10-12 жас және 16-17 жас – абсолютті күш үшін,
- 3) 7-11 жас және 13-14 жас – шапшаңдық мүмкіндіктерін жетілдіру үшін,
- 4) 9-12 жас және 13-14 – шапшаңдық-күш мүмкіндіктері, статикалық және жалпы төзімділік үшін.

М.Н. Максимованың, А.Р. Воронцовтың бекітіп айтулары бойынша аэробты төзімділікті жетілдіру үшін 10-14 жас, гликолитті өнімділікті арттыру үшін – 11-14 жас, күш төзімділігі үшін – 12-15 жас ең қолайлы болып табылады [108, б. 13].

В.Р. Соломатин спортшы қыздар-акселераттарда төзімділікті дамыту үшін – 11-ден 13 жас, нормотиптерде – 11-ден 14 жас, ретарданттарда – 11-ден 15 жас ең қолайлы деп есептейді. Акселераттар мен нормотиптерде күш мүмкіндіктерін және анаэробты өнімділіктерін дамыту үшін – 13-тен 15 жас, ретарданттарда – 14-тен 16 жас. [137, б. 37].

В.Н. Платонов айтқандай, жастық кезең үшін сай белгілер негізгі гормондық өзгерістердің басталуы бұлшық ет салмағының және күштің күрт өсуіне алып келеді (Patel, Pratt, 2009), 1-суретте. Күш мүмкіндіктері бойынша ұл балалар қыздардан едәуір асып кете бастайды: егер 6–12 жастағы қыздардың күштері ұл балалар күштерінің 90–95% құраса, 14–15 жаста бұл өлшем 70–80% дейін төмендейді, ал 17–18 жаста 60–65 % дейін [171, б. 132].



Сурет 1— В.Н. Платонов бойынша (Patel, Pratt, 2009) жастық кезең алдында, жастық кезеңде, жастық кезеңнен кейінгі бойының, дене салмағының, майлы және бұлшық ет ұлпасының жыл сайынғы өсімі [111, б.132]

Сондай ақ, автор В.Н. Платоновтың ойынша жастық кезеңде балалардың өсуі көбінесе соматотропты гормонға байланысты болады.

1-суреттегі мәліметтер бойынша ұл балаларда бойының ұзындығының және денесінің салмағының өсуі бұлшық ет көлемі бөлігінің өсуімен, майлы тін бөлігінің азайуымен бірге жүреді. Бұл ретте, қыздарда бойының ұзындығы және салмағы аз өскен кезде, бұлшық ет ұлпасы мен майдың ұлғаюы байқалады.

Шетел авторлары Бэйкер және Ньютонның (Baker, Newton, 2006), сондай ақ, В.П. Платоновтың айтулары бойынша дамуының жастық кезеңіндегі қыздардың қарқынды күш жаттығулары гормондық қалыптасудың табиғи барысын бұзады, ол репродуктивті кері әсер етеді, өсімнің баяулауына алып келеді, сүйек қызметтерінің дамуына кері әсерін тигізеді. [171, б. 132].

А.В. Козлов бойынша спортшылардың ағзасына денеге түсетін жүктеме кезінде жүрек-қан тамырлары және тыныс алу жүйелерінің дамуы және бейімделуіне қатысты, 7 жастан ЖСЖ минутына 35-90 соғу/минуттан 14-15 жаста минутына 70-76 соғу/минутқа дейін төмендейді. 16-17 жаста ЖСЖ минутына 65-75 соғуды құрайды, яғни ересек адамдардың ЖСЖ айырмашылығы болмайды. Аса тұрақсыз ырғақ 10-11 жастағы балаларда байқалады. Оларда ең аз жүрек циклінің ұзақтығы ең көбіне қатынасы 80,0%

құрайды. 13-14 жаста бұл қатынас 83,2% тең, ал 17 жаста - 85,6% [70, б. 40]. Сондай-ақ автор 13-тен 20 дейінгі жаста қанның минуттық көлемі (ҚМК) шамалы өзгерістерге ұшырайтынын бекітіп айтады. 12 жаста ол 2,9-дан 5,3 л/мин жеке ауытқуларымен орташа 4,04 л/мин тең; 14 жаста – 4,3 л/мин -/3,7-5,7 л/мин; 16 жаста – 4,6 л/мин/3,4-6,7 л/мин; 20-30 жаста – 4,6 л/мин/3,5-5,4 л/мин [70, б. 41].

Мәнерлеп жүзу күрделі үйлесімді спорт түрлеріне жатады. Осы спорт түрі үшін спортшы қыздардың дене белсенділігі ұзақ уақыт бойы су астында оттегінің жетіспеушілігі жағдайында жүзеге асырылатыны да ерекше болып табылады [108, б.13]. М.Н. Максимованың пікірі бойынша ерте жаста гликолит жұмыстарының үлкен көлемімен әуестенбеген жөн, алдын-ала аэробты базаны төсеу қажет, содан кейін гликолитті аймақта мамандандырылған күшке біртіндеп ауысу қажет [108, б. 14].

Аэробты төзімділікті дамыту үшін, мәнерлеп жүзуде 10-14 жас, гликолитті өнімділікті арттыру үшін – 11-14 жас, күш төзімділігі үшін – 12-15 жас [172, б. 19; 125, б. 42; 52, б. 200; 173, б. 74] қолайлы болып табылады.

Осы бөлімді қорытындылай отырып, жас мәнерлеп жүзушілерді даярлау кезінде балалар ағзаларының дамуының жеке және жыныстық ерекшеліктерін және оларды оқу-жаттығу барысында қолдану мүмкіндіктерін ескеру қажет. Айтылатын күнтізбелік (төлқұжаттық) және биологиялық жастардың ерекшеліктері, олардың сәйкестену кезеңдерін, денелік және басқа қасиеттері мен мүмкіндіктерінің пайда болуымен сүйемелденетін ОЕЦ-нің кезеңдері мен айтылатын «сезімтал» кезеңі ескерілуі тиіс.

### **1.3 Бастапқы даярлық (БДТ) және оқу-жаттығу топтарында (ОЖТ) спорттық резервті даярлаудың бағдарламалық және нормативтік негіздеріне шолу жүргізу**

Мәнерлеп жүзу 1984 жылы жекелей және жұпты жарыстармен Олимпиада ойындарының бағдарламасына қосылды. 2000 жылы Халықаралық олимпиада комитетімен (ХОК) жұпты және командалық жарыстарды олимпиада бағдарламасына енгізу шешімі қабылданды. Мәнерлеп жүзу Олимпиада ойындарының бағдарламасына салыстырмалы түрде кеш енгізілуіне қарамастан, спорт түрі ретінде өткен ғасырдың 40 жылдарынан бастап ғылыми зерттеулердің және сәйкес әдістемелік қамтамасыз етудің тақырыбы болды [174].

Қойылған мақсат аясында халықаралық үздік тәжірибеге тән спорттық резервті даярлаудың әдістемелік сүйемелдері және нормативтік негіздерінің мәселелері бізді қызықтырды. Біз әлемдік мәнерлеп жүзуде көшбасшы болып табылатын Ресей, Украина, Испания, Канада, Жапония, АҚШ сияқты мемлекеттердің спорттық резервті даярлау бағдарламаларын талдап көрдік.

Мысалы, Қытай мәнерлеп жүзу мектебі екі мектептен тұрады. Ресейлік және жапондық. 2008 жылға дейін қытай қыздары мәнерлеп жүзуден 6-шы орында болатын. 2006 жылы мәнерлеп жүзуден Қытай құрама командасы Жапонияда аты аңызға айналған, тіпті жапондық мәнерлеп жүзу «анасы» аталатын жапондық жаттықтырушы Масаё Имураны шақырды. Масаё Имура

басқа да жапондық ұстаздар секілді техникалық жаттықтыруға көбірек көңіл бөледі. Мойындау керек, Пекиндік Олимпиадада Қытай құрама командасы алған қола сол кісінің еңбегі. Қазіргі таңда, Қытайдың барлық мәнерлеп жүзушілері Масаё Имураның жаттықтыру жүйесімен жаттығады.

Бұрынғы одақтық республикалардың ішінен Ресей Федерациясы (Ресей), Украина, Белоруссия мәнерлеп жүзу саласында жалпыға танылған әлемдік спорт державалары болып табылады. 2000, 2004, 2008, 2012, 2016 жылдары Олимпиадаларда мәнерлеп жүзуден жоғары деңгейлі барлық медальдарын Ресей Федерациясының құрамасы жеңіп алды. Ресейдің мәнерлеп жүзуі Еуропада 1991 жылдан, Әлемде 1997 жылдан абсолютті көшбасшылық ұстанымды алады. Соңғы 20 жыл ішінде Ресейдің негізгі, жасөспірім, жастар құрама командалары халықаралық сайыстарда бірде-бір мәрте ұтылған жоқ [163, б. 6]. Сондықтан, бүкіл әлем бағдарын алатын, оның ішінде Қазақстан, мәнерлеп жүзуден спорттық резервті даярлау бойынша Ресей Федерациясының мәнерлеп жүзуі негізгі көшбасшы болып табылады.

Бастапқы даярлау (БД) және оқу-жаттығу топтарына (ОЖТ) қатысты жүзеге асырылған талдау келесіні атап өтуге мүмкіндік береді.

Белгілі болғандай, спорттың негізін: спорттық саралау, жаттығу және жарыстар сияқты үш элемент құрайды.

Ф.П. Филиннің ойынша спорттық саралау – педагогикалық, әлеуметтік, психологиялық және медициналық-биологиялық зерттеу тәсілдерін бірлестіретін кешенді сипаттамасының ұйымдастырулы-тәсілдік іс-шараларының жүйесі, олардың негізінде спорттың белгілі бір түрінде мамандану үшін балалардың, жасөспірімдердің, қыз және ұл балалардың қабілеттері мен нышандары белгілі болады [55, б.56].

Таңдалған спорт түрінде үлкен нәтижелерге қол жеткізе алатын талантты және дарынды балаларды іздеу спорттық сараптаманың негізі болып табылады.

В.П. Филин, Н.Ж. Булгакова, В.К. Бальсевич, В.М. Волков, М. Сбриль, Т.С. Тимакова, В.Г. Никитушкин, В.П.Губа және т.б. болашақ спортшыларды таңдаудың бірыңғай жүйесін әзірлеуде айтарлықтай үлестерін қосты [79, б. 10].

В.Г. Набатникованың [175], В.В. Никитушкинаның [176], В.Г. Никутушкинның [177], Н.Н. Никитушкинның мен И.А. Водяникованың [178], И.М. Медведеваның [179] бекітіп айтулары бойынша спорттық резервті табысты даярлау үшін оны дұрыс ұйымдастыру өте қажет.

Жоғарыда көрсетілгендей, диссертациялық жұмыстың 1.1 бөлімінде Қазақстан Республикасында және басқа бұрынғы кеңестік мемлекеттерде спорттық резервтерді даярлаумен БЖСМ және ОРМБЖСМ жүзеге асырылады, бұл ретте басқару жүйесі осы мекемелердің қызметін реттейтін негізгі нормативтік құжаттары болып табылатын спорт түрлері бойынша бағдарламалар бойынша жүзеге асырылады. Осы уақытта қажеттілік бойынша мерзімді түрде жетілдірілетін және жаңартылатын барлық спорт түрлерінде бағдарламалар әзірленген. Осылайша, мысалы, И.В. Белоусовамен (1987), одан кейін М.Н. Максимовамен (2007), Е.А. Золотовамен (2013) [180], Ресейде даярлаудың барлық кезеңдеріне мәнерлеп жүзу үшін бағдарламалар әзірленді және жетілдірілді; Ж.А. Белокопытовамен (1982) [181], сондай-ақ бірлескен

авторлықпен Л.А. Карпенко мен Г.Г. Романованың (1991) [182] Ресей Федерациясында, А.С. Жумановамен (2008) [183] Қазақстан Республикасында көркем гимнастикада БЖСМ үшін бағдарламалар әзірленді. Л.П. Макаренко (1983) , әрі қарай А.В. Козловпен (1993) [184], редакцияланған, одан әрі Ресей Федерациясы авторларының тобы А.А. Кашкин мен О.И. Попов және В.В. Смирновтің (2004) редакцияланған жүзу бойынша спорт мектептеріне арналған бағдарламалар әзірленді.

Көпжылдық спорттық даярлау жүйесі бұрынғы Кеңес Одағының барлық республикаларында ұқсас тәсілдер бойынша жүргізіледі және бұл таңқаларлық емес. КСРО-да көпжылдық спорттық даярлау жүйесі жоғары санатты спортшыларды даярлаудың бірыңғай ұйымдастыру-тәсілдік жүйесі бойынша жүргізілді – өзінің тиімділігімен таңқалдыратын және оның арқасында 1970 жылдардан бастап 1980 жылдарының соңына дейін жиырма жыл мемлекет олимпиада сахнасында жетекші орынды иеленді.

В.Н. Платоновтың ойы бойынша, автор Ұлыбританиядан көрнекті маман Дейв Дей заманауи спорт талаптары жағынан қатаң ғылыми көзқарасқа, спортшының болашақ мүмкіндіктерін бағалау және олардың дамуын басқаруды бағалаудың тиімді тәсілдерін кеңінен қолдануға негізделген, «талантты сәйкестендіру және дамытудың мінсіз үлгісі» ретінде бұрынғы КСРО және ГДР спортшыларды көпжылдық даярлау және көпсатылы іріктеу жүйесін бағалайды [171, б. 298].

Спорттық резервті даярлаудың бастапқы кезеңдерінде даярлау жүйесі балалардың және жасөспірімдердің жан-жақты және толыққанды денелік дамуын қамтамасыз етуге негізделген. Жасөспірімдер спорты теориясының саласындағы көректі ғалымдар М.Я. Набатникова және В.П. Филинмен (1995) көпжылдық даярлау барысын жастық бөлулерді әрбір кезеңде қолданумен төрт кезеңге бөлу ұсынылды, 5-кесте [171, б. 293].

Кесте 5 - Көпжылдық даярлық кезеңінің шамамен жас шектеулері (ең аз) (М.Я. Набатникова, В.П. Филин, 1995) [171, б. 293]


Спорт түрі	Кезең, жасы (жыл)			
	Алдын ала даярлық	Бастапқы спорттық мамандану	Таңдаған спорт түрінен терең жаттығу	Спорттық жетілдіру
1	2	3	4	5
Спорттық гимнастика	7-9 (м)	10-11	12-13	14 және одан жоғары
Жүзу	6-8 (ж)	9-10	11-12	13 және одан жоғары
Баскетбол	7-9	10-11	12-13	14 және одан жоғары

5 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Футбол	8-10	11-12	13-15	16 және одан жоғары
Волейбол	8-10	11-12	13-15	16 және одан жоғары
Сырғымен жылдам сырғанау	9-11	12-13	14-16	17 және одан жоғары
Жеңіл атлетика	9-11	12-13	14-15	16 және одан жоғары
Шаңғы жарысы	9-11	12-13	14-15	16 және одан жоғары
Шайбалы хоккей	9-11	12-13	14-16	17 және одан жоғары
Бокс	10-12	13-14	15-16	17 және одан жоғары
Күрес	10-12	13-14	15-16	17 және одан жоғары
Велосипед спорты	10-12	13-14	15-16	17 және одан жоғары
Академиялық есу	10-12	13-14	15-16	17 және одан жоғары
Байдарка мен каноэдағы есу	10-12	13-14	15-16	17 және одан жоғары
Оқ ату	10-12	13-14	15-16	17 және одан жоғары
Заманауи бессайыс	10-12	13-14	15-16	17 және одан жоғары
Ауыр атлетика	10-12	13-14	15-16	17 және одан жоғары
Семсерлесу	10-12	13-14	15-16	17 және одан жоғары

В.Н. Платонов айтқандай, батыс ғалымдары Т.Бомпа және Г. Хэфф (Bompa, Haff, 2009) М.Я. Набатникованың және В.П. Филиннің көзқарастарын қолдау үшін, сондай-ақ көп спорт түрлерімен айналысуды бастау үшін 7-8 жас қолайлы деп есептейді [171, б. 295]. Олар 12-13 жасқа толғанға дейін қимыл белсенділігінің көптүрлі нысандарының және спорт түрлерінің негізінде көпжақты даярлық өтуі тиіс, және тек содан кейін мамандану анықталуы мүмкін, арнайы даярлықтың ұзақтығы 5-8 жылға дейін құрайды.

Жоғарыда баяндалған батыс ғалымдарының пікірлерін мысалға ала отырып және растау ретінде 2-суретте Канаданың мәнерлеп жүзу федерациясында даярлық кезеңдерінің қалай құрылатыны көрсетілген.



Сурет 2 – Канаданың мәнерлеп жүзуден спортшыларды даярлау кезеңдері (Канаданың мәнерлеп жүзу федерациясының сайтынан аударма) [185]

Өзінің соңғы еңбектерінің бірінде В.Н. Платонов спортты дамытудың заманауи кезеңінде спортшыларды көп жылдық даярлау әрқайсысы тиімді даярлықтың объективті өлшемдері мен жаттықтыру үрдісін құрудағы ұйымдастыру-әдістемелік түрлері екі оң кезеңге бөлінген. Бірінші кезең спортшының спорт жаттығуларын бастағаннан жоғары жетістік деңгейіне жеткенге дейінгі уақытты қамтиды. Екінші кезең спортшының жоғарғы жетістік деңгейіне дейінгі кезеңнен спорттық мансабын аяқтаған уақытқа дейінгі аралықты қамтиды [171, б. 332; 171, б. 334].

Соңғы он жылда жоғары жетістіктерге, спортта жоғары нәтижелерге қол жеткізген спортшыларды даярлау тәжірибелерін талдауға негізделген түрлі мемлекет ғалымдарының зерттеулерімен спорттың көптеген түрлерін үйретуді бастау үшін шектеулі жас аумағында ұсыныстар жасалды.

Осылайша, мысалы, В.Н. Платоновтың ойынша соңғы жылдары жүзуде 6-7 жасқа дейін: 6-7 жастан 13-14 жасқа дейін қыздарда және 7-8 жастан 14-15 жасқа дейін ұлдарда, жүзушілерді бастапқы және негіздемелі даярлаудың ұзақтығын арттыру қажеттілігін көрсететін айқын үрдіс бар. Бұл соңғы он жылдықта спорттық жүзу дамуының ерекшеліктеріне байланысты – жарыстық қызмет құрылымының тез қиындауы және оқу материалдарының маңызды үлкен көлемін игеру қажеттілігі [171, б. 303].

Әдеби дереккөздерінің мәліметтері бойынша [186 - 192] бастапқы даярлау кезеңінде жаттығу сабақтары үлкен дене және психологиялық ауыртпалықтарды қоспауы тиіс екені белгілі. Жаттығулардың саны және уақыты БЖСМ және ОРБЖСМ үшін нормативтік талаптарға сай сақталуы тиіс.

6-кестеде, «Спорт түрлерін дамыту орталығы» Краснодар қаласының Муниципалдық білімінің Муниципалдық бюджеттік мекемесінің мәнерлеп жүзу спорт түрі бойынша спорттық даярлау бағдарламасының мысалында мәнерлеп жүзуден спорттық даярлау кезеңдерінің жаттығу жұмыстарының нұсқалы тәртібі көрсетілген [162, б. 10].

Кесте 6 - Спорттық даярлау кезеңдеріндегі жаттығу жұмыстарының тәртібі [162, б.10]

Кезеңдік норматив	Спорттық даярлау кезеңдері мен жылдары					
	Бастапқы даярлық кезеңі		Жаттығу кезеңі (спорттық мамандану кезеңі)		Спорттық шеберлікті жетілдіру кезеңі	Жоғары спорттық шеберлік кезеңі
	Бір жылға дейін	Бір жылдан аса	Екі жылға дейін	Екі жылдан аса		
Бір апталық сағаттар саны	6	6-8	10-12	15-18	24	30-32
Бір апталық жаттығулар саны	3	3-4	6	6	6	6-7
Бір жылдық жалпы сағаттар саны	312	312-416	520-624	780-936	1248	1560-1664
Бір жылдық жалпы жаттығулар саны	156	156-208	312	312	312	312-364

Осы-кестеде бағдарламаларды құру кезінде жаттығу күштерін үйлестіру бойынша БЖСМ және ОРМБЖСМ үшін, атап айтқанда БД және ОЖ топтары үшін, нормативтік талаптары ескерілгені анық көрсетілген.



Спорттық жетілдіру (СЖ) және жоғары спорттық шеберлілік (ЖСШ) топтарында жаттығулар аса жеке сипаттамаға ие болуда. Одан басқа, олар жарыстардың өзгеретін ережелеріне және FINA ұсынылған мәнерлеп жүзу бойынша спорттық бағдарламалардың талаптарына байланысты. Сондықтан, мәнерлеп жүзушілер үшін СЖ және ЖСШ кезеңдерінде БЖСМ және ОРМБЖСМ бастапқы даярлау және оқу-жаттығу топтарында қолданылатын бағдарламалық материалдың және жоспар-кестелердің орнына сәйкес кезеңдер және жаттығу кезеңдері үшін апталық кіші циклдердің үлгілік жоспар-сызбалары ұсынылады.

М.Н. Максимованың [65, б. 102-103], А.В. Козловтің [70, б. 9] бекітіп айтулары бойынша бастапқы даярлау кезеңінде мәнерлеп жүзуде педагогиканың: саналылық, белсенділік, көрнекілік, жүйелілік, қол жетімділік, беріктілік сияқты әдістемелік қағидаларына негізделеді.

М.Н. Максимова өзінің жұмысында мәнерлеп жүзуден бастапқы даярлаудың негізгі мақсаты – жоғары спорттық және көркем шеберліктің ары қарай өсуі үшін мықты іргетасты қалау екені туралы айтады [101, б.4].

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін, келесі негізгі міндеттерді шешу қажет [101, б. 4]:

1. Жас спортшы қыздарда спортпен шұғылдануға деген қызығушылықты қалыптастыру.

2. Денсаулықты, шұғылданушылардың үйлесімді дене дамуларын нығайту.

3. Жан-жақты қозғалыспен даярлау – икемділікті және үйлесімділікті дамытуға бағытталған, дене қасиеттерін дамыту, хореографияның, көркем гимнастиканың бастапқы шеберліктеріне үйрену.

4. Жүзудің спорттық тәсілдеріне үйрету және жүзудің спорт түрлерін көбейту.

5. Мәнерлеп жүзудің техникасын – негізгі есулерді, ұстанымдарды, арнайы қозғалыстарды, оңай қимылдарды, жазықтық ауысуларды үйрету.

Мәнерлеп жүзудің бастапқы даярлау кезеңдерінде негізгі міндеттерді шешу үшін, көркем гимнастикадағыдай тәсілдер жүзуде де қолданылады:

1. Жаттығудың негізгі құралдары, олар келесі жаттығулардан құралады: жалпы дамыту жаттығулары – ЖДЖ кешені; шапшаңдықты, икемділікті, ептілікті дамытуға бағытталған арнайы дене шынықтыру жаттығулары; суды игеру бойынша даярлау жаттығулары (судағы ойындар және ойын-сауықтар, жүзудің спорттық әдістерін үйрету үшін жаттығулар); хореография, көркем гимнастика, акробатика элементтері; мәнерлеп жүзудің арнайы жаттығулары.

2. Жаттығу тәсілдері: спорттық әдістемені игеру үшін бірнеше рет қайталанатын қозғалыстар қолданылатын дене шынықтыру жаттығуларының әдістері; ойын әдісі; жарыс әдісі [65, б. 219]. Мәнерлеп жүзу бойынша жаттығу әдістері (біркелкі қашықтыққа, қайталама және ауыспалы жүзу); айналмалы жаттығу; есептеу әдісі (қозғалыстың ырғағын және қарқынын анықтау үшін) [65, б. 109; 108, б. 15; 193 - 196].

Алғаш 1987 жылы И.В. Белоусовамен әзірленген, әрі қарай М.Н. Максимовамен жетілдірілген мәнерлеп жүзу бойынша бағдарламада Ресей Федерациясының мәнерлеп жүзуі үшін, спортшы-мәнерлеп жүзушілермен

сабақтарды ұйымдастырудың басты өлшемдері белгіленген, атап айтқанда, бір жылдағы оқу сағаттарының көлемі, бір жұмадағы сабақтардың саны, бір күндегі жаттығулардың ұзақтығы, бақылау-ауыстыру нормативтері және т.б.

М.Н. Максимовамен әзірленген БД (1-3) топтары үшін мәнерлеп жүзу бойынша бағдарламасына сәйкес спорттық резервті даярлау барысында тәжірибелік тапсырмалардың үлгілік тізімі төменде көрсетілген, 7-кесте [108]. Кестеде бастапқы даярлау кезеңінде қозғалыс әрекеттерін үйретуге, әртүрлі үйлестіру қозғалыстарын орындауға негізгі көңіл аударылатынын көрсетілген, бұл ретте кейбір дене қасиеттерінің жылдамдатып дайындалуы жоқ. Даярлаудың осы кезеңінде жаттықтырушымен шешілетін негізгі тапсырмалардың бірі жас спортшы қыздардың бойында мәнерлеп жүзу сабақтарына қызығушылықты қалыптастыру болып табылады.

Оқу-жаттығу топтары (әдетте ОЖТ 1-5) – бұл тек Қазақстан Республикасында ғана емес, сондай-ақ барлық мемлекеттерде мәнерлеп жүзу бойынша құрама командасының мүшелерін даярлауда негізгі қалыптастырушы. Сондықтан жас спортшы қыздарды даярлауда осы кезеңде анық мақсаттар қойылады. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін спорттық резервті даярлау бағдарламасына сәйкес ОЖТ 1-5 жаттығулары кезінде келесі негізгі тапсырмалар шешіледі [108, б. 30]:

1. Денсаулықты нығайту және шынықтыру.
2. Жан-жақты дене шынықтыру дайындықтары, қозғалтқыш дағдыларын игеру.
3. Дене қасиеттерін мақсатты түрде тәрбиелеу.
4. Жүзу, мәре және бұрылыс спорттық тәсілдерінің оңтайлы техникаларын үйрету және жетілдіру.
5. Мәнерлеп жүзу жаттығуларымен танысу, үйрену және жетілдіру (ұстанымдар, арнайы жаттығулар, оңай қимылдар және жеңілдетілген үйлесімділіктер); қолдың есу қозғалыстарының техникасын үйрену.
6. Хореография, көркем гимнастика, акробатика, батутта секіру, суға секірудің элементтерін үйрену.
7. Моральдық-жігерлі қасиеттерін дамыту, жас спортшы қыздарда ұйымшылдықты, мақсатқа талпынушылықты және еңбекқорлықты тәрбиелеу.

Қойылған тапсырмаларды шешу үшін мәнерлеп жүзуші-спортшы қыздарды базалық даярлау кезеңінде БЖСМ үшін тәжірибелік сабақтардың үлгілік тізімі әзірленген. Осылайша, 8-кестеде М.Н. Максимовамен әзірленген ОЖТ (1-2) үшін тәжірибелік сабақтардың тізімі мысал ретінде келтірілген. Осы кестеде осы кезеңде жас спортшы қыздарда икемділік, қозғалыстың үйлесімділігі және шапшаңдықты қалыптастыру аса маңызды екені көрсетілген.

Шеберліктің өсу шамасына қарай, спортшылар шапшаңдық-күш жаттығуларын үйренуге кіріседі. Өйткені судағы қозғалыс тәжірибесінің маңызды бөлігі жаттығу күштерін арттырумен тыныс алуды тоқтатумен жүргізіледі, спортшы қыздардың функционалды базасын кеңейту қажеттілігі мен аэробты және анаэробты түрдегі тапсырмалардың дұрыс сәйкестендіру туындайды [65, б. 223].

Бұл төменде 9 және 10-кестелердің мәліметтерінде көрсетілген, онда сәйкесінше ОЖТ 3-5 топтарында оқу-жаттығудың тәжірибелік сабақтары көрсетілген.

Кесте 7– БД (1-2) топтары үшін мәнерлеп жүзуде спорттық резервті даярлаудың тәжірибелік тапсырмаларының үлгілік тізімі ( М.Н. Максимова бойынша, қайта жасалған)

Даярлық топтары	Даярлық жылдары	Жаттығулардың негізгі құралдары
1	2	3
БД	1-3	Жалпы дене даярлығы жаттығулары
		Саптық жаттығулар. Сап және команда туралы түсініктер. Сап, бағана, арақашықтық, үзіліс. Сап түрлері: 1 және 2 саптарға, бір бірден, екі екіден бағанаға тұру. Сап өзгерту. ЖДЖ.қол бұлшық еттері, иық білезіктері, дене және аяққа арналған жаттығулар (құрал-жабдықсыз). Құрал-жабдықтармен жаттығулар. Гимнастикалық таяқтармен: кезекпен қолдарды майыстыру және түзету, әртүрлі бастапқы қалыпты жағдайлардан таяқпен айналмалы қозғалыстар, таяқты жоғары көтеру және бастың артымен арқаға төмен түсіру, таяқты аттап өту. Доптармен: бір және 2 қолмен лақтыру, бір және 2 қолмен астынан және үстінен қағып алу, бір қолмен жоғары лақтыру және жерге түскеннен кейін қағып алу. Снарядтардағы жаттығулар. Гимнастикалық орындықта: орындықтың бойымен жүру, орындықтан аттап өту; қолдарын бүгу және жазу; орындықта отырып аяқтарды көтеру және еңкею; орындықтан оңға, солға, аяқтарды бөлек, аяқтарды қоса секіру. Гимнастикалық қабырғада: міну, бетін кері қаратып, арқамен, бұрышпен іліну; қырымен және қабырғаға бетімен тұрып алға, артқа, қырымен еңкею; бір аяқпен және 2 аяқпен жүрелеп отыру. Жеңіл атлетикалық жаттығулар. Жылдамдықпен жүгіру, жай жүрумен алмастыру. Орында тұрып, ұзындыққа секіру. Қимыл-қозғалыс ойындары. «Салки», «допты қуу», «жылжымалы мақсат, эстафеталар.
		Арнайы дене даярлығы жаттығулары
		Иық, жамбас, тізе, табан буындарының және омыртқа жотасының иілгіштігін және қимылын дамытуға арналған арнайы жаттығулар (сергіту жаттығулары, арнайы созу жаттығулары). Ептілікті дамыту үшін арнайы жаттығулар (қозғалысты үйлестіру): ассиметриялық жаттығулар, басқа спорт түрлерінен қарапайым жаттығулар. Еліктеу жаттығулары: мәнерлеп жүзудің негізгі ұстанымдары (шалқалап, кеудемен, қырмен, топтау, тізені бүгіп арқамен, екі балетті аяқпен орындалатын бейне), арнайы есулер (стандартты есу, кері есу, пропеллер, каноэ, тіректі есу). Демалу гимнастикасы: тыныштық күйде және қозғалыстарды орындау кезінде тыныс алу. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: әртүрлі музыкаға қадаммен немесе жүгірумен қозғалулар.
		Спорттық жүзу, суға секіру
		Суды игеру бойынша жаттығулар. Жүзудің спорттық тәсілдерінің техникасымен танысу:кеудеде жүзу, шалқалап жүзу, брасс, баттерфляй, эстафеталық жүзу. Судағы ойындар және ойын-сауықтар.
		Хореография
Толық айналмау жағдайында аяқтардың ұстанымдарын үйрену. Қолдардың ұстанымдарын үйрену: жоғары, төмен, жан-жаққа, алға. Классикалық экзерсисстің элементтерімен таныстыру: деми плие, батман тандю (толық айналмау жағдайы), па-дегаже, па-глиссе, па-польки, бас ию (книксен).		

7 - кестенің жалғасы

1	2	3
		Көркем гимнастика, акробатика, батутта секіру
БД	1-3	<p>Жүріс: аяқтық ұшымен, жұмсақ, аударылған, жалғамалы адым. Жүгіріс: серіппемен, аударылмалы, қатты. Қолдар үшін жаттығулар: айналдыру, жүріс және секірумен «толқындар». Дене үшін жаттығулар: еңкеюлер, айналмалы қозғалыстар, «толқындар» (әртүрлі бастапқы қалыптарда).</p> <p>Секірулер: екі аяқпен, кезектесіп бір аяқпен, аяқтарды бөліп, аяқты алға қарай майыстырып, бүгу. Бұрылулар: 180°-қа, 360°-қа. Тепе-теңдікті сақтау: аяқтың ұшында тұру, бір аяқпен тұру, сондай-ақ қолдардың әртүрлі күйлерімен.</p> <p>Акробатика: Топтасу: жүрелеп отыруда, арқамен жатуда. Аударылып түсулер: алға, артқа, отырып итерілу. Алға, артқа, отырып итерілумен аударылып түсу. Жерде жатып көпір жасау.</p> <p>Батутта секіру: Бастапқы күй. Қолдардың әртүрлі жағдайларымен тор бойынша жүру.</p>
		Мәнерлеп жүзу техникасы
		<p>Мәнерлеп жүзудің негізгі есу техникаларын үйрету (жазық, стандартты, кері есу техникалары). Мәнерлеп жүзудің негізгі ұстанымдары: шалқалап, кеудемен, қырмен, топталу, қатты топталу, иіліп, шалқалап, кеудеде тізені бүгіп. Шалқалап орын ауыстыру: стандартты есу, кері есу, пропеллер, кері пропеллер. Кеудемен орын ауыстыру: кері есу, пропеллер, каноз. Жүзудің спорттық тәсілдерін түрлендіру: аяқпен жүзу (глиссер қалпы), басты көтеріп кеудеде жүзу, есулерді ауыстырумен кеудеде және шалқалап жүзу. Жасөспірімдер разрядына сәйкес келетін мәнерлеп жүзудің оңай қимылдарын үйрету, олар: топталу, топта айналу, «тік балеттік аяқ», «тамшы», «кип», кері топтау, топта алға айналу, бүгіліп артқа айналу. Тіректі есумен таныстыру. Жазық және тігінен жазықтықтарда тіректі есуді үйрету (орында және қозғалыста). Есу техникаларына, негізгі ұстанымдарға, арнайы қозғалыстарға және оңай бейнелі қимылдарды үйретуге арналған жаттығулар. Көп жіберілген қателіктер және оларды түзету әдістері.</p>

Кесте 8– ОЖТ 1-2 үшін мәнерлеп жүзуден спорттық резервті даярлаудың тәжірибелік тапсырмаларының үлгілік тізімі (М.Н. Максимова бойынша, қайта жасалған)

Даярлық топтары	Даярлық жылдары	Жаттығулардың негізгі құралдары
1	2	3
ОЖТ	1-2	Жалпы дене даярлығы жаттығулары
		Саптық жаттығулар. Негізгі тұрыс. Орында және қозғалыста бұрылулар. Орында және қозғалыста сапқа тұру. Сапта жазылу. Қадамнан жүгіріске және жүгірістен қадамға ауысу. Қадаммен және жүгіріспен қозғалу уақытында тоқтау. ЖДЖ. Қолдың бұлшық еттері, иық білезіктері, дене және аяққа (өзінің салмағымен) арналған жаттығулар. Құрал-жабдықтармен жаттығулар: Гимнастикалық таяқтармен: таяқтарды бұраумен қолдарды майыстыру және түзету; әртүрлі бастапқы жағдайлардан еңкеюлер, бұрылулар, денені айналдыру қозғалыстары; ұштарынан ұстап таяқтан секіру; отыру немесе жату қалыптарынан таяқтың үстінен аяқтарды серпу. Доптармен: доға бойынша әріптеске оңға, солға, алға лақтыру. Сондай-ақ қозғалыста. Снарядтарда жаттығулар: Гимнастикалық орындықта: тірелуде – қолдарды бұғу, қолдың әртүрлі жағдайларымен, айналдырумен орындықты аттап өту. Гимнастикалық қабырғада: бетімен қабырғаға қарап тұрып (қырымен, арқасымен) – аяқтарын кезекпен серпу; жоғары тақтайшада арқамен ілініп тұру – бүгілген және түзеу аяқтарды көтеру; бұрышпен ілініп тұру – қалыпты жағдайды ұстап тұру; арқамен тұрудан қолдарымен тақтайды ұстай отыра көпірге ауысу, жоғарыда қағып алумен бастапқы қалыпты жағдайға ауысу. Жеңілатлетикалық жаттығулар: 60 м жүгіру, ұзындыққа секіру, жоғарыға секіру, жүгіріспен кіші допты лақтыру, кедергілер алабы (оқыту кедергілері, доптар). Қимыл-қозғалыс ойындары. «Невод», «мақсатты белгілеу», «аңшы және үйректер», «атыспақ», «белгі арқылы тарту», «түйін, емен жаңғағы және жаңғақ». Эстафеталар. Шаңғымен жүру. Қозғалудың, бұрылыстардың, тоқтатулардың негізгі амалдары.
		Арнайы дене даярлығы жаттығулары
		Иық, жамбас, тізе, табан буындарының және омыртқа жотасының иілімділіктерін және қозғалғыштарын дамытуға арнайы жаттығулар: серпу қозғалыстары – алға, артқа, жан-жаққа; жердегі, гимнастикалық қабырғада, хореографиялық станокта (белсенді және сылбыр) арнайы созулар. Қозғалыстың үйлесімділігін дамыту үшін арнайы жаттығулар: ассиметриялық жаттығулар, қалыпсыз бастапқы жағдайларда белгілі жаттығуларды орындау. Қол қозғалыстары техникасының ұқсас жаттығулары (пропеллер, кері пропеллер, тіректі есу) және мәнерлеп жүзудің ұстанымдары (екі балетті аяқпен орындалатын бейне, фламинго, шатқа отырыс, тігінен, кран және т.б.). Тыныс алу гимнастикасы (тынышты күйде және жаттығуларды орындау кезінде тыныс алуды ұстау). Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: өлшем, ырғақ туралы жалпы түсініктер; қадам және жүгіру кезінде ырғақтық акцентті орындауға арналған жаттығулар; қадам кезінде метрикалық акцентті бөлу (аяқ соққысымен); ырғақтың күшті және әлсіз бөліктерін бөлу; музыкалық ойындар.
Спорттық жүзу, суға секіру		
		Жүзудің спорттық әдістерінің техникасын оқыту және жетілдіру. Бақылау талаптарына сәйкес жеке арақашықтықтарды жүзіп өту. Қысқа қашықтықты жылдамдықпен жүзу. 400 м таңдаған тәсілмен үйлесімді жүзу. Мәре және бұрылыстардың техникаларымен таныстыру.

8-кестенің жалғасы

1	2	3
		<p style="text-align: center;">Хореография</p> <p>Тіреуде классикалық экзерсис: демиплие, плие, батман тандю (алға, жан-жаққа, артқа), батман тандю деми плие, батман тандю жете, рон де жамб пар терр. Секірулер: танлеве соте I, II, V ұстанымдарда. Залдың ортасындағы жаттығулар: қолға арналған даярлау жаттығулары, қолдардың негізгі ұстанымдары. Жүрістер: әдеттегі жүріс, сырғанамалы, орысша ауыспалы жүріс, қырмен жүріс, жығылумен қырмен жүріс.</p> <p style="text-align: center;">Көркем гимнастика, акробатика, батутта секіру</p>
ОЖТ	1-2	<p>Көркем гимнастика: Жүріс: жалғамалы қадам (алға, жан-жаққа, артқа), серіппелі қадам, жоғары қадам, тез қадам. Жүгіріс: жеңіл жүгіріс (алға және артқа), қолдарды көтеру және түсірумен аударылмалы. Серіппелер: қолмен серпу, денемен серпулер. Секірулер: екі аяқпен итерілумен жоғары секіру; аяқты алға қарай бүгіп секіру; аяқты артқа бүгіп секіру. Бұрылулар: орында (біратаулы және түрліатаулы). Тепе-теңдікті сақтау: алдыңғы, артқы, қырлы.</p> <p>Акробатика: Аударылып түсулер: алға және артқа жүйелі аударылып түсулер, отырып тірелуден бүгіліп артқа аударылып түсу. Иық жауырындарында тұру: арқада жату қалпынан (қолға тірелумен және тірелусіз). Әріптестің көмегімен қолға тұру. Тұру қалпынан көпірлер. Батутта секірулер: қолдардың түрлі қалыптарында орында тұрып екі аяқпен секіру.</p> <p style="text-align: center;">Мәнерлеп жүзу техникасы</p> <p>Мәнерлеп жүзудің арнайы қимылдар техникасын үйрету және жетілдіру: кері пропеллер (арқамен), кері пропеллер (кеудемен), бүгілген тіземен (кері және стандартты есумен), бұрышты отырумен (кері және стандартты есумен), бұрыш жоғары қалыпта, эгбитэ. Мәнерлеп жүзудің негізгі ұстанымдарын оқыту және жетілдіру (бұрыш жоғары, фламинго, суға батуда бұрыш жоғары, жазықтық бұрыш, кері топтау, бос және кері тігінен). Жасөспірімдер санатын орындау үшін және осы жасты топтар үшін жарыстардың бағдарламасына сәйкес келетін қимылдар. Қимылдар техникасын үйретуге арналған жаттығулар. Көп жіберілген қателіктер және оларды түзету тәсілдері.</p>

Кесте 9 – ОЖТ-3 жыл оқыту үшін мәнерлеп жүзуде спорттық резервті даярлаудың тәжірибелік тапсырмаларының үлгілік тізімі (М.Н. Максимова бойынша, қайта жасалған)

Даярлық топтары	Даярлық жылдары	Жаттығулардың негізгі құралдары
1	2	3
ОЖТ	3	Жалпы дене даярлығы жаттығулары
		Саптық жаттығулар: бағытты ауыстыру. Иықпен орналасу. Қимылдық сап түзеп жүру. Белгіленген нүктелерге диагональ бойынша және қисық бағыттар бойынша қозғалыстар. Ирөндеп, ілмектеп қозғалу. ЖДЖ: қол бұлшық еттері, иық білезіктері, денеге және аяққа арналған жаттығулар (құрал-жабдықтарсыз, жұптармен). Құрал-жабдықтармен жаттығулар: нығыздалған доптармен (1 кг). Жұптармен, допты ұстай отыра қарсыласудағы жаттығулар; әртүрлі бастапқы қалыптардан доптарды лақтыру және қағып алу. Гантелдермен (1 кг): әртүрлі бастапқы қалыптардан ( қол төмен, алға, екі жаққа) – бір қолды бұғу және тіктеу; және екі қолмен; әртүрлі бағыттарда қолмен айналдыру қозғалыстары және т.б.. Снарядтардағы жаттығулар: Гимнастикалық қабырғада: бұрышпен ілініп тұру, бүгіліп ілініп тұру, бөренеге тигізгенге дейін тік және бүгілген аяқты көтеру, тартылу. Тренажерлардағы жаттығулар: әртүрлі бұлшық ет топтарына арналған жаттығулар кешені. Жеңіл атлетикалық жаттығулар: 200 м жүріспен ауыстырумен жүгіріс, кростық жүгіру, жылдамдықты өзгертумен жүгіру, ұзындыққа және жоғарыға секіру, лақтыру. Спорттық ойындар: Волейбол, бадминтон. Қимыл-қозғалыс ойындары: «допқа таласу», «сырғанамалы нысана», волейболистер эстафетасы. Шаңғымен жүру: 2 км дейін жылдамдықпен жүру.
		Арнайы дене даярлығы жаттығулары
		Қосалқы құралдар арқылы (бұрау резеңке, секірме), қосымша сыртқы тіреумен (гимнастикалық орындық, гимнастикалық қабырға) иық, жамбас, тізе, табан буындарының және омыртқа жотасының қозғалуларын дамыту үшін, арнайы жаттығулар; қайталама серіппе қозғалыстар. Жаттығу құралдарында арнайы созылулар. Қозғалыстың шапшаңдылығын, жиілігін дамыту, қозғалыстың ырғағын және қарқынын тез ауыстыру үшін жаттығулар. Күш қасиеттерін дамыту: шапшаңдықты және күшті тәрбиелеу. Ауырлатқыштарды қолданумен арнайы ауысулар: гантелдер (0,5-1 кг), белдіктер. Дем алуды ұзақ уақытқа ұстау қабілеттерін дамыту: тыныс алуды орташа және ұзақ уақыт ұстаумен статикалық және динамикалық жаттығулардың кешендері. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: «форте» және «пьяно» терминдері, музыканың динамикалық түстері (залда және суда үйрету).
Спорттық жүзу, суға секіру		
Спорттық жүзудің техникаларын жетілдіру. Шапшаңдық қасиеттерін дамыту – спорттық жаттығулардың үзілісті, ауыспалы, қайталама тәсілдерін қолданумен 25, 50 және 100 м бөліктерді жүзіп өту. 2 км дейін арақашықтықтарға жүзу. Дем алуды ұстауды дамыту: дем алудың қысқартылған арақашықтықтарын түрлі бөліктерді жүзіп өту (1/8, 1/10). Мәренің және бұрылыстардың техникасын жетілдіру.		



9 - кестенің жалғасы

1	2	3
		<p style="text-align: center;"><b>Хореография</b></p> <p>Хореография: классикалық экзерсисінің жаттығулары (балет станогында және залдың ортасында): батман тандюплие, батман дубль ффраппе, релеве пар терр, релеве-лян 45° қа, алға, артқа, екі жаққа еңкеюмен пор де бра.                      Секірулер: шанжман де пье, эпольман, круазе. Ұлттық билердің кадамдары және қозғалыстары: дробью «гармошка» қадамы, «арқанша», аттап өтумен. Украин, молдован, поляк, испан, орыс, неополитандық ұлттық билері негізінде қолға арналған жаттығулар. «Тынка», «вихилясник» сияқты ұлттық билер.</p> <p style="text-align: center;"><b>Көркем гимнастика, акробатика, батутта секіру</b></p>
Сонымен, біздің эксперименттің мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңінде денелік және техникалық даярлығының көрсеткіштерін талдаудан байқағанымыз, бақылау тобында қимыл сапасының және жалпы дене даярлығының дамуында қандай болса, эксперименталды топта да сондай оң өзгерістер ( $P < 0,001$  және  $P < 0,05$ ) байқалады.

Эксперименталды бағдарлама бойынша айналысатын эксперименталды топтың мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздары үшін дене қасиеттері даму деңгейінің орташа және жоғары мәні тән. Біз жүргізілген педагогикалық эксперимент барысында үйлесімділік қабілеттіліктерінде 21,4%-дан 33,3% -ға дейін; төзімділік көрсеткіштерінде 20,01%-28,01%-ға дейін; шапшаңдықты-күштік қасиеттерінде 17,5% - 23,8%-ға дейін; ептілікте 15,0% -дан 21,4%-ға дейін және икемділікте 11,0% -дан 18,5%-ға дейін елеулі өзгерістерді байқадық.

Бақылау тобының мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарында өзгерістер байқалды, бірақ олар эксперименталды топпен салыстырғанда, үйлесімділік қабілеттіліктерінде 18,5%-дан 30,02% -ға дейін; төзімділік көрсеткіштерінде 16,8%-дан 22,3%-ға дейін; шапшаңдықты-күштік қасиеттерінде 15,4%-дан 20,5% - ға дейін; ептілікте 10,0% -дан 17,7% -ға дейін және икемділікте 10,0% -дан 15,2% -ға дейін төмен.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардың негізінде, мынадай тұжырымға келуге болады:

1. Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңінде осы спорт түрімен айналысуы барысында дене және техникалық қасиеттер көрсеткіштерінің барынша ұлғаюы эксперименталды бағдарлама бойынша эксперименталды топта шұғылданған спортшы қыздарда байқалды;

2. Дене және техникалық қасиеттер көрсеткіштерінің өзгеру дәрежесін жаттығуларда келесі ретпен көрсетуге болады: а) үйлесімділік қабілеттерін жақсарту, б) төзімділік, в) ептілік, г) шапшаңдықты-күштік қабілеттер және д) икемділік.

### **4.3 ҚР спорт резерві мен мәнерлеп жүзу бойынша құрама команда спортшылары дене құрылымдарының салыстырмалы сипаттамасы**

Біздің диссертациялық жұмысымыздың орындалу шеңберінде, сондай-ақ жас спортшыларды даярлау үрдісін тиімді басқару, оңтайландыру және дене көрсеткіштері бойынша қорытындыларды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының мәнерлеп жүзуден құрама командасының спортшы қыздарындағы дене дамуы көрсеткіштерінің динамикасы алдын-ала зерттелген болатын. ҚР мәнерлеп жүзуден құрама командасының спортшылары дене

даярлығы, дене құрамының дене көрсеткіштері мен үйлесімділіктерінің дамуын зерттеу бойынша мәліметтерді талдау тиісті басылымдарда ұсынылған [225, б.174-179].

Берілген диссертациялық жұмысты жазу аясында жүргізілген педагогикалық экспериментке сәйкес, біз мәнерлеп жүзуден жас спортшы, яғни 12 жас және одан кіші жасанатына жататын қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңінде, дене құрамының құрылымды үйлесімділігі бойынша зерттеулерді жалғастырдық.

ҚР мәнерлеп жүзу бойынша Ұлттық құрама командасы мүшелері дене құрылымдарының құрамын зерттеу бойынша алдын-ала педагогикалық эксперимент барысында бойдың ұзындығы мен дене салмағын; ӨТС өлшеуден тұратын антропометриялық өлшеулер жүргізілді. ДСИ, тіршілік индексі сияқты есептік сипаттамалар анықталды. Антропометриялық өлшеулер әртүрлі білікті және әртүрлі жастағы мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың дене дамуын анықтау мақсатында қолданылды.

Дене салмағының көрсеткіштері, дене құрылымы және негізгі алмасу көлемі Tanita-413 (Жапония) дене құрамының таразы-талдағышы көмегімен анықталды.

34-кестенің деректерінің көріп отырғанымыздай, зерттеуді бастамас бұрын, зерттелушілерді біліктілігі бойынша шартты түрде 3 топқа бөлуге болады: 1-топ – СШҮ; 2-топ – СШ; 3-топ – ХДСШ. Одан әрі, 34-кестенің деректерін статистикалық өңдеу нәтижесінде мынадай мәндер алынды: орташа жас = 17,77 (жас), стандартты ауытқу = 3,52%-ды мәнді құрады, ол 10%-дан аз, бұл спортшы қыздардың біркелкі жас шамасы туралы айтады. Дене салмағының орташа шамасы 56,13 кг құрады.

Кесте 34 – ҚР мәнерлеп жүзуден құрама командасы спортшы қыздарының антропометриялық көрсеткіштері

Жасы, жыл	Біліктілігі/дәрежесі	Дене салмағы, кг	Бойы, см	ДСИ, г/см	ӨТС, мл	Тіршілік индексі, мл/кг
12,11	СШҮ	56,4	164	21,0	4000	80
14,3	СШ	58,7	174	19,4	4800	82
14,7	СШҮ	46,5	160	18,2	3300	71
16	СШ	59,2	168	21,0	4300	73
17,2	СШ	55,9	169	19,6	3950	71
18,2	ХДСШ	54,6	172	18,5	4390	80
20,1	ХДСШ	53,6	160	20,9	4590	86
20,9	ХДСШ	56,5	164	21,0	4500	80
21,2	ХДСШ	55,5	167	19,9	4500	81
23	ХДСШ	64,4	171	22,0	5500	85

Дене салмағы индексінің ауытқуы дене салмағының динамикасына ұқсас болды. Бұл ретте зерттелетін спортшылардың ДСИ орташа мәні  $20,73 \pm 0,44$  кг/м<sup>2</sup> құрады. Өсу мәндеріне қатысты: өсудің орташа мәні 166,9 см., осы санат бойынша стандартты ауытқу 4,84% - ға тең болғанын атап өтуге болады. Салмақ өлшемі үшін - орташа мәні 20,15 г/см, стандартты ауытқу 1,22% - ға тең. Мәнерлеп жүзу спорты үшін сыртқы тыныс алу аппаратының мүмкіндіктері өте маңызды болып табылады, яғни ӨТС шамасы мен тіршілік индексіне байланысты функционалды әлеует анықталады. ӨТС шамасы жүзуге, жүзгіштікке әсер етеді. Антропометриялық өлшеулер нәтижелерінің сараптамасы ҚР құрама командасының спортшы қыздарында ӨТС көрсеткіштері 3,5-тен 5,5 л-ге дейін құрайтынын көрсетеді. Бұл тағы да мықты спортшы қыздарда ӨТС, КҚК мен диафрагмалды тыныс алу есебінен ұлғаятынын растайды.

ҚР Ұлттық құрама командасы спортшы қыздары дене құрылым құрамының сараптамасы келесі нәтижелерді көрсетті, кесте 35: ДСИ 18,2-ден 22,0 кг/м<sup>2</sup>-ге дейінгі мәндерді құрады, бұл АҚШ денсаулық институты әзірлеген және ДДСҰ мақұлдаған ДСИ мәндерінің клиникалық жіктеме кестесіне сай жасына бойынша ДСИ мәнінің қалыпты көрсеткіштеріне сәйкес келеді [127, б. 8]. Аяқ-қолдардағы май салмағы үлесінің орташа мәні тиісінше, оң аяғында = с  $7,2 \pm 0,4\%$ , сол аяғында =  $7,07 \pm 0,5\%$ ; оң қолында =  $2,21 \pm 0,5\%$ , сол қолында =  $2,02 \pm 0,5\%$ -ды құрады. ОМҚ салыстырмалы мәндерінің деңгейі бойынша нәтижелер 1985 мл/мин - 2794 мл/мин аралығында, ал орташа көлем 2367,4 мл/мин болды. Бұл жерде, алдын-ала жүргізілген эксперимент барысында ең жас спортшы қыздың ОМҚ жоғары нәтижені көрсетті.

Мәнерлеп жүзуден жас спортшы қыздарға жүргізілген педагогикалық экспериментте ҚР мәнерлеп жүзуден ұлттық құрама командасының дене көрсеткіштерінің мәліметтері ҚР спорттық резервінің дене және техникалық даярлығының күйіне салыстырмалы сараптама жүгізу үшін тәжірибелік ұсыныстар ретінде қолданылды.

Жыл басындағы жас мәнерлеп жүзуші-спортшы қыздардың дене құрылымдарының сараптамасы бойынша жүргізілген эксперимент бақылау және эксперименталды топтардағы тексерілетін спортшылардың дене құрамы жассанатының мөлшерленген мәндерінің шегінен шықпайтынын көрсетті, 36-кесте. Мысалы, экспериментке қатысушылардың әр жыл бойынша бойдың ұзындығы мен дене салмағы 2,69% -дан 8,9%-ға дейінгі шамаларды құрады, бұл зерттелетіндердің салыстырмалы бірегей көрсеткіштерін айқындайды. ДДСҰ қабылдаған есептеулер жіктемесіне сай [127, б. 8], БТ және ЭТ дене салмағының индексі мәні осы жассанаты үшін сәйкес келеді (9-12 жас). Жоғарыда көрсетілген жас ауқымындағы бақылау (БТ) және эксперименталды топтарға (ЭТ) қатысушылар денесінің үйлесімділік құрамын салыстырмалы талдау кезінде мынадай өлшемдерге қатысты: майлы салмағы, майсыз салмағы және негізгі зат алмасуында аздаған айырмашылықтар табылды. Мысалы, БТ және ЭТ-дағы дененің майлы бөлімі мәндерінің айырмашылығы 0,96%-дан (БТ 9-10 жастағы) 3,63%-ға дейін (ЭТ 11-12 жастағы); майсыз көлемінің көрсеткіштері 1,11% - дан (БТ 9-10 жастағы) 3,55%-ға дейін (ЭТ 11-12 жастағы)

құрады; негізгі зат алмасуының шамасы 3,92% -дан (БТ 9-10 жастағы) 5,59% -ға дейін (ЭТ 11-12 жастағы) мәндерін көрсетті, 36-кесте.

FINA 2017-2021жж. жарыстарының ережелеріне сай, жас мәнерлеп жүзуші-спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі дене құрылымдары құрамының және негізгі зат алмасуының сараптамасы нәтижесінде, олардың жас ерекшеліктері 12 жас және одан кіші жасанатқа сай келетіндігі, зерттелушілердің дене құрамы жас мәндерінің ауқымынан шықпайтындығы анықталды. Эксперимент нәтижелері бойынша біз медициналық және ғылыми бақылау деректерінің оқу-жаттығу үрдісін басқаруда маңызды рөл атқаратынына тағы да бір көз жеткіздік.

Кесте 35 – ҚР мәнерлеп жүзуден құрама команда спортшы қыздары дене құрылымдарының сараптамасы

№/№	Дене құрылымдарының сараптамасы															
	BMI	BMR		FAT, %	FAT mass	FFM	TBW	Impedance					Trunk			
		kJ	kcal					whole body	right leg	left leg	right arm	left arm	FAT, %	FAT mass	FFM	predicted musclemass
1	21,0	6284	1502	24,2	13,7	42,8	31,3	656	270	271	361	359	17,3	5,3	25,3	24,2
2	18,2	6180	1477	16,4	7,6	38,9	28,5	693	278	273	418	407	12,6	3,2	22,5	21,6
3	19,4	7171	1714	18,8	11,0	47,7	34,9	685	300	310	355	357	14,0	4,5	27,7	26,7
4	21,0	6602	1578	22,2	13,1	46,1	33,8	717	297	303	440	435	18,6	6,2	27,2	26,2
5	19,5	6096	1457	17,7	9,9	45,9	33,6	738	308	306	402	410	13,7	4,1	25,7	24,6
6	18,5	5929	1417	15,5	8,5	46,1	33,8	756	299	313	426	417	12,1	3,6	26,0	24,8
7	20,8	5669	1355	17,0	9,0	44,2	32,4	657	265	269	354	362	13,4	3,8	24,3	23,3
8	20,9	5556	1328	24,7	13,9	42,4	31,0	802	342	349	414	430	20,8	6,2	23,7	22,6
9	19,9	5858	1400	17,0	9,4	46,1	33,8	698	278	279	418	394	13,8	4,1	25,8	24,7
10	22,0	6272	1499	23,1	14,9	49,5	36,2	701	286	287	384	390	20,3	7,0	27,6	26,3

35 - кестенің жалғасы

№/ №	Дене құрылымдарының сараптамасы															
	rightleg				leftleg				Rightarm				Leftarm			
	FAT, %	FAT mass	FFM	predicted musclemass	FAT, %	FAT mass	FF M	predicted musclemass	FAT, %	FAT mass	FFM	predicted musclemass	FAT, %	FAT mass	FFM	predicted musclemas
1	32,1	3,3	7,0	6,6	32,7	3,3	6,7	6,3	32,0	0,9	1,8	1,7	33,3	1,0	1,9	1,8
2	19,2	1,6	6,6	6,3	19,2	1,5	6,4	6,1	28,4	0,7	1,7	1,6	26,3	0,6	1,7	1,6
3	24,1	2,5	7,8	7,4	25,2	2,5	7,4	7,1	23,9	0,7	2,3	2,2	24,4	0,8	2,4	2,2
4	24,1	2,4	7,6	7,3	25,0	2,4	7,3	6,9	35,3	1,1	1,9	1,8	33,2	1,0	2,0	1,9
5	25,5	2,7	7,8	7,4	24,5	2,5	7,8	7,4	11,8	0,3	2,3	2,2	12,0	0,3	2,3	2,1
6	21,5	2,2	7,9	7,5	22,4	2,3	7,8	7,3	10,7	0,3	2,3	2,1	9,5	0,2	2,3	2,1
7	23,2	2,3	7,7	7,3	23,0	2,3	7,7	7,2	12,1	0,3	2,3	2,1	12,4	0,3	2,2	2,1
8	31,8	3,4	7,3	6,9	31,9	3,4	7,3	6,9	17,0	0,4	2,2	2,0	18,0	0,5	2,0	1,9
9	22,7	2,3	7,9	7,5	22,0	2,2	7,9	7,5	15,0	0,4	2,2	2,0	12,9	0,3	2,2	2,1
10	28,7	3,4	8,4	7,9	28,2	3,3	8,5	8,0	18,4	0,6	2,6	2,4	18,8	0,6	2,5	2,4

Кесте 36 - Эксперимент қатысушы ҚР жас мәнерлеп жүзуші-спортшы қыздары дене құрылымдарының сараптамасы

Жасы, жыл	Көрсеткіштері	БТ (n=20)	ЭТ (n=20)
9-10 жас	Бойдың ұзындығы, см	137,6±1,11	139,96 ±1,25
	Дене салмағы, кг	29,5±2,09	30,89 ±0,84
	ДСИ кг/м <sup>2</sup>	15,58± 2,15	15,77±1,87
	Майлы салмағы (FAT), кг	5,3±0,55	5,5±0,61
	Майсыз (арық) салмағы (TBW)	15,3±1,13	15,47±1,47
	Негізгі алмасу, ккал	1042,1±27,3	1001,25±30,1
10-11 жас	Бойдың ұзындығы, см	140,5±0,95	148,83±1,45
	Дене салмағы, кг	33,0±1,25	33,57±1,34
	ДСИ, кг/м <sup>2</sup>	16,72±2,18	15,16±1,85
	Майлы салмағы (FAT), кг	7,0±0,91	6,8±0,37
	Майсыз (арық) салмағы (TBW)	25,5±3,03	26,4±2,47
	Негізгі алмасу, ккал	1388,3±32,03	1466,0±24,1
11-12 жас	Бойдың ұзындығы, см	151,2±0,92	149,6±0,62
	Дене салмағы, кг	38,52±1,05	39,64±1,41
	ДСИ, кг/м <sup>2</sup>	16,85±1,48	17,71±1,33
	Майлы салмағы (FAT), кг	11,0±0,76	11,4±1,0
	Майсыз (арық) салмағы (TBW)	24,5±2,14	25,37±1,63
	Негізгі алмасу, ккал	1322,0±24,1	1313,67±31,4

Бұған дейін атап өтілгендей, 1-3 ОЖТ бастапқы мамандандырылу кезеңінде мәнерлеп жүзуден жас спортшы қыздардың жалпы дене даярлығы әдістемесі бойынша заманауи бағыттарды анықтау мақсатымен Қазақстан Республикасының мәнерлеп жүзу бойынша жаттықтырушылар арасында сауалнама жүргізілді, сауалнама мәтіні Ә-қосымшада берілген.

Сауалнама 2018 жылдың наурыз айында Алматы қаласы «Рахат фитнес» жүзу бассейні базасында Қазақстан Республикасының мәнерлеп жүзу бойынша чемпионатын өткізу кезінде жүргізілді. Сауалнамаға біліктілігі мен жұмыс өтілі әртүрлі жаттықтырушылар қатысты, жалпы саны 12 адамнан жауап алынды.

Сауалнама бойынша сұрақтар он бөлімнен тұрды, барлық тармақтар бойынша жүргізілген сауалнаманың сараптамасы келесі нәтижелерді айқындады:

1. 12 жас және одан кіші жасанатының бастапқы мамандандырылу кезеңінде спортшы қыздардың маңыздылығы мәнерлеп жүзудегі дене қасиеттері бойынша бөлу, жаттықтырушылардың 75%-дан астамы бірінші орында үйлесімділікті; екінші орында (67%) төзімділікті дамыту; үшінші



орында (50%) икемділікті дамыту және сәйкесінше (42%) төртінші орында шапшаңдықты-күштік қасиеттерін дамыту керек екенін көрсетті;

2. жаттықтырушылардың 80%-дан астамы жаттығу үрдісіне үйлесімділікке арналған жаттығуларды енгізу қажет деп санайды;

3. жаттықтырушылардың 95%-ы үйлесімділікті дамыту бойынша қосымша сабақтарды енгізу өте маңызды бөлім деп есептейді;

4. гимнастика бойынша мамандандырылған сабақтар неге өткізілмейтіндігі туралы сұраққа жаттықтырушылардың 83%-дан астамы сабақтар ішінара өткізілетіндігі жайлы жауап берді, бірақ жалпы еліміз бойынша мамандандырылған ғимараттар мен құрал-жабдықтар жоқ екені айтылды;

5. іс жүзінде барлық жаттықтырушылар (100%) өздері үйлесімділікті дамытудың арнайы бағдарламасы бойынша сабақ өткізе алатындарын айтты;

6. икемділікті дамытуға арналған арнайы жаттығуларға аптасына неше сағат бөлінетіндігіне қатысты жаттықтырушылардың 95% - дан астамы 2 сағат және одан көп деп жауап берді;

7. топта қанша спортшының 100% икемділігі бар деген сұрақ бойынша, 50% жас спортшылардың 100% икемділігі бар екені анықталды;

8. жаттықтырушылардың барлығы дерлік (100%) барлық жаттығатын балалар икемділікті дамытумен айналысуы тиіс деп жауап берді;

9. сауалнамаға қатысушы жаттықтырушылардың 100% 12 жас және одан кіші жастағы бірінші жасанатында жаттығатын мәнерлеп жүзуші жас қыздардың икемділігінің даму деңгейі орташа деңгейде екенін айтты;

10. сауалнаманың соңғы тармағында мәнерлеп жүзуші жас қыздар - спортшылардың дене қасиеттерін және жалпы Қазақстан Республикасында мәнерлеп жүзуді дамыту бойынша ұсыныстар жасалынды.

Сонымен, Қазақстан Республикасының мәнерлеп жүзуден жаттықтырушылары арасында жүргізілген сауалнама оқу-жаттығу барысында 12 жас және одан кіші жасанаттағы мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың үйлесімділігін, төзімділігін, икемділігін және шапшаңдықты-күштік қасиеттерін жақсарту мақсатында дене қасиеттерін дамытуға арналған арнайы жаттығулар кешенін қолдану мүмкіндіктері туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұл жалпы Қазақстан Республикасының мәнерлеп жүзуден оқу-жаттығу үрдісін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

#### **4 бөлім бойынша тұжырым**

Педагогикалық эксперимент нәтижелері жалпы біз әзірлеген бағдарламаның тиімділігін растайды және төмендегі деректемелерді атап өтуге мүмкіндік береді:

9-10 жас, 10-11 жас, 11-12 жас кезеңдері эксперименталды және бақылау топтарының жас мәнерлеп жүзушілері дамуының морфологиялық функционалды көрсеткіштері біршама өсті, бірақ көрсеткіштер арасында нақты айырмашылық анықталған жоқ.

1. Бұл ретте тиісті жас топтарында дене дамуы көрсеткіштерінің өзгеру динамикасы әртүрлі болды: бірінші жас тобында ең елеулі өзгерістер ӨТС

көрсеткіштерінде болды (ЭТ - та 8,4%, БТ-да 3,9%); екінші жас шағын топта - дене салмағында (ЭТ - та 3,9%, БТ-да 3,4%), ӨТС-да (ЭТ-та 7,4%, БТ-да 3,4%), КҚК-де (ЭТ-та 4,4%, БТ-да 3,3%) және қол күшінде (ЭТ-та 18,45, БТ-да 12,6%); үшінші жас шағын топта - бойдың ұзындығына (ЭТ-та 3,9%, БТ-да 0,99%), дене салмағына (ЭТ-да 7,7%, БТ-да 6,0%), ӨТС (ЭТ-та 25,5%, БТ-да 8,1%, КҚК-де (ЭТ-та 5,0%, БТ-да 3,5%) және қол күшінде (ЭТ-та 33,9%, БТ-да 12,3%). Сонымен, эксперименталды топтағы өсімнің ең жоғары нәтижелері үшінші жас тобында анықталған, бұл жерде ӨТС-ның көлемі 1815 мл-ден 2278 мл-ге дейін (өсім 25,5%) және қол күшінде 12,1 кг-дан 16,2 кг-ға дейін (өсім 33,9% - ға) өсті.

Жас мәнерлеп жүзушілердің оқу жылы ішіндегі барлық зерттелетін шағын топтарында дененің жұмысқабілеттілігі, ОМҚ көрсеткіштерінде өсу үрдісі болды, бұл ретте мұндай өсім эксперименталды бағдарлама бойынша шұғылданушыларда анағұрлым айқын көрінді.

2. Дене даярлығының залда да, суда да анықталған, үйлесімділік қабілеттерінің, икемділік, ептілік, төзімділік және шапшаңдықты-күштік қасиеттерінің дамуын сипаттайтын көрсеткіштердің басым бөлігі эксперименталды топта шұғылданушыларда бірқатар жоғары және статистикалық жағынан сенімді болып шықты. Мұндай өзгерістер қолды бұғу-жазуда, аяқты 30 сек көтеруде, асылып аяқпен бұрыш жасау, тепе-теңдікті сақтауда, иілуде, шатқаотырыстың алуан түрлерінде, тіректі есу және ұзындыққа секіруде орын алды.

Эксперименталды бағдарламаны іске асыру нәтижесінде жас мәнерлеп жүзушілердің техникалық даярлығы едәуір жақсарды. Бұл туралы кеудеде кроль тәсілімен 50м жүзу, 100м кешенді жүзу сияқты бірқатар тест тапсырмаларын орындау нәтижелері бойынша айтуға болады, ал мұның өзі біршама үнемді жүзу техникасының айқындалуын көрсетеді. Өсімнің жақсы мәні даярлықтың маңызды арнайы техникалық элементтерден тұратын № 1 және № 2 міндетті бейнелі қимылдарды орындау кезінде «асылып аяқпен бұрыш жасау», «бұрама-айналу» жаттығуларында анықталған.

Жалпы, педагогикалық эксперимент нәтижесінде эксперименталды топта шұғылданушылардың үйлесімділік қабілетінің көрсеткіштері 21,4%-дан 33,3%-ға дейін, төзімділік 20,01%-дан 28,01%-ға дейін, шапшаңдықты-күштік қасиеттер 17,5%-дан 23,8%-ға дейін, ептілік 15,0%-дан 21,4%-ға дейін және икемділік 11,0%-дан 18,5%-ға дейін өсті. Бақылау тобының шұғылданушыларындағы осындай өзгерістер маңыздылығы аздау жақсартулармен сипатталады.

3. Жас мәнерлеп жүзуші-спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі дене құрылымдарының құрамы мен негізгі зат алмасуының сараптамасы барысында FINA 2017-2021жж. жарыстарының ережелеріне сай, жас ерекшеліктері 12 жас және одан кіші жассанатқа сәйкес келетінін, зерттелетін жас спортшы қыздардың дене құрамы жас мәндерінің шеңберінен шыға қоймайтынын көрсетті.

4. Мәнерлеп жүзуден жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі жалпы дене даярлығы әдістемесі бойынша заманауи бағыттарды анықтау үшін жаттықтырушылар арасында сауалнама жүргізілді. Өткізілген сауалнама оқу-жаттығу үрдісінде 12 жас және одан кіші жас санаттағы мәнерлеп жүзушілердің үйлесімділігін, төзімділігін, икемділігін және шапшаңдықты-күштік қасиеттерін жақсарту мақсатында дене қасиеттерін дамыту үшін арнайы жаттығулар кешенін қолдану мүмкіндіктері туралы түсінік қалыптастыруға ықпал етті. Мұның өзі жалпы Қазақстан Республикасының мәнерлеп жүзудегі оқу-жаттығу үрдісін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Осылайша, педагогикалық эксперимент барысында алынған мәліметтер жас мәнерлеп жүзушілерді даярлаудың бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі оқу-жаттығу үрдісінде фитнес құрал-жабдықтарын пайдалану жас спортшылардың функционалды мүмкіндіктерінің, дене және техникалық даярлық көрсеткіштерінің деңгейін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді деген болжамды растады.

Педагогикалық эксперимент нәтижелері ҚР БҒМ [226, б.32-36], Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған ғылыми журналдарда, халықаралық конференциялар материалдарында [227, б.123-125] және халықаралық Scopus базасына енгізілген шетелдік журналдардағы [228, б. 543-548]. басылымдарда жарық көрді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Арнайы әдебиеттің теориялық сараптамасы мен педагогикалық эксперимент барысында алынған нақты мәліметтердің жиынтығы келесі ғылыми қорытындыларды жасауға мүмкіндік берді:

1. Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы даярлық кезеңіндегі даярлығын талдау көрсеткендей, Қазақстан Республикасында БЖСМ қызметі жас спортшыларды даярлау мәселелерін реттейтін спорттық жаттығулардың және нормативті-құқықты актілердің алдыңғы қатарлы теориясы мен әдістемесі есепке алынған жағдайда жүзеге асырылады. Даярлықтың, соның ішінде көпжылдық оқу-жаттығу жұмысын өткізумен байланысты мазмұны негізінен кешенді сипатты болып келеді, ал экономикалық және спорттық даму деңгейі жоғары елдерде заманауи фитнес бағыттар мен сәйкес технологиялар кеңінен қолданылады.

Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды даярлаудың заманауи теориясы мен әдістемесі жас спортшы қыздар ағзасының физиологиялық, жыныстық, жас ерекшеліктерін ескеру есебінен, сондай-ақ, дене қасиеттері мен қабілеттерінің біршама белсенді айқындалатын «сезімтал» кезеңдерінің маңыздылығынан туындап отыр. Мәнерлеп жүзуден спорттық резервті даярлаудың ерте кезеңдері, әдеттегідей 5-6 жастан басталады, жан-жақты дене дамуын, денелік және техникалық даярлықты қамтамасыз етуге бағытталған. Заманауи мәнерлеп жүзуге жарыс жұмысының күрделі құрылымы, бағдарламаның және жарыс ережелерінің жиі өзгермелілігі тән. Қазақстанда БЖСМ-ге арналған мәнерлеп жүзу бойынша даярлықтардың ресми бекітілген және ғылыми негіздемелі бағдарламасы жоқ екендігі анықталды. Республикада мәнерлеп жүзу бойынша спорттық резерв пен құрама команданы даярлау Ресей Федерациясының әзірлеген бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

2. Халықаралық тәжірибені жалпылау мәнерлеп жүзуден оқу-жаттығу үрдісінің мазмұны спортшылардың үйлесімділік қабілеттерін арттыратын фитнес құрал-жабдықтары мен арнайы жаттығу құрылғылары кеңінен қолданысқа енгізілуі есебінен жетілдірілетіндігін көрсетеді. Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды даярлаудағы жаңа бағыт заманауи спорттағы талап етілген тәжірибелердің бірі болып табылады. Оның мазмұны музыкалық сүйемелдеумен орындалатын икемділік, ептілік пен үйлесімділік қабілеттерін дамытуға бағытталған классикалық аэробика, хореография, мәнерлеп жүзу мен жаттығулардың техникалық элементтерінің өзара байланысты құралдарының жиынтығын айқындайды.

Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі оқу-жаттығу үдерісінің біз жасаған бағдарламасында жоғарыда көрсетілген ерекшеліктер ескерілген, қолданбалы аэробика құралдары мен әдістері ұсынылды, берілген ырғақпен және музыкалық сүйемелдеумен берілген жоғары үйлесімділік жағдайында хореография мен мәнерлеп жүзудегі элементтердің ретті меңгерілуі негізделді. Фитнес құрал-жабдықтарын қолдану

арқылы жүргізілетін оқу-жаттығу сабақтарының даярлық, негізгі және қорытынды бөлімдерінің негізгі мазмұны анықталды.

Сабақтың дайындық бөлімінде билеу-жүгіру, бой қыздыратын, тепе-теңдікті-айналымды және секіру даярлығы бойынша жаттығулар, ал негізгі бөлімінде – көпсайыстың бірінші түрінен (буындар мен омыртқа жотасын, ептілік пен үйлесімділікті дамытуға арналған жаттығулар) және екінші түрінен (мәнерлеп жүзудің негізгі есу техникасын, мәнерлеп жүзу ұстанымдарын, мәнерлеп жүзудің бейнелі қимылдарын үйрету) үзінділер ұсынылады; ал қорытынды бөлімінде икемділікке, үйлесімділікке, ептілік пен тұрақтылыққа, сондай-ақ, босансуға арналған жаттығуларды орындаған жөн.

3. Педагогикалық эксперименттің нәтижелері біз жасаған мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылуы кезеңінде даярлаудың оқу-жаттығу үдерісінің жана мазмұнының тиімділігін көрсетті және ағза көрсеткіштерінің морфологиялық-функционалды белгілеріндегі оң, нақты өзгерістерімен, жаттығушылардың денелік-техникалық даярлық деңгейінде анықталды.

Экспериментке қатысушылардың ағза көрсеткіштерінің морфологиялық-функционалды белгілері өсімінің біршама жоғары нәтижелері ӨТС шамасы 1815-тен 2278 мл дейін (өсу 25,5%) және қол күші 12,1 кг-ден бастап, 16,2 кг (өсу 33,9%-ға) өскенде, 11-12 жаста айналысатындарға тән.

Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың дене жұмысқабілеттілігі мен ОМҚ эксперименталды бағдарламасы бойынша шұғылданушыларда біршама тиімді жақсарды. Эксперименталды топта шұғылданушыларда үйлесімділік қабілеттерінің, икемділігінің, ептілігінің, төзімділігінің және шапшаңдықты-күшті қасиеттерінің даму деңгейін сипаттайтын дене даярлығы көрсеткіштерінің басым бөлігі эксперименталды топта шұғылданатындарда біршама жоғары және статистикалық тұрғыда сенімді. Мұндай өзгерістер қолдарды бүгіп-жазуда, 30 секунд ішінде аяқты көтеруде, асылып тұрып аяқты бұрышта ұстауда, тепе-теңдікті сақтауда, иілу кезінде, шатқа отырыстың әр түрлерінде, тіректі есуде және ұзындыққа секіруде орын алды.

Педагогикалық эксперимент барысында жас мәнерлеп жүзушілердің техникалық даярлығында да біршама жетістіктер тіркелді. Бұл туралы кеудеде кроль тәсілімен 50м жүзу, 100 м-ге кешенді жүзу сияқты бірқатар тест тапсырмаларын орындау нәтижелері жүзу техникасы орындалуы кезіндегі үнемделік айқындалуын дәлелдейді. Өсімнің жақсы мәндері «асылып аяқпен бұрышта ұстау», «бұрама-айналу» жаттығуларында, даярлықтың маңызды арнайы техникалық элементтерінен тұратын № 1 және № 2 міндетті бейнелі қимылдарды орындау кезінде анықталды.

Тұтастай алғанда, эксперименталды топта шұғылданушылардың үйлесімділік қабілеті 21,4%-дан 33,3%-ға дейін, төзімділік - 20,01%-дан 28,01%-ға дейін, шапшаңдықты-күштік қасиет - 17,5%-дан бастап 23,8%-ға дейін, ептілік - 15,0%-дан бастап 21,4%-ға дейін және икемділік - 11,0%-дан бастап 18,5%-ға дейін өсті. Бақылау тобында шұғылданатындардағы мұндай өзгерістер ауқымы біршама аздығымен сипатталады.

Сонымен, педагогикалық эксперимент нәтижелері мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі оқу-жаттығу барысында фитнес құрал-жабдықтарын қолдану, спорттық резервтегі жас спортшы қыздардың функционалды мүмкіндіктері, дене және техникалық даярлығы көрсеткіштерінің деңгейі тиімділігін біршама арттыруға мүмкіндік беретіндігі туралы болжамды растайды.

## ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Алынған педагогикалық эксперимент нәтижелерінің, сондай-ақ алдыңғы бөлімде диссертациялық жұмыс бойынша жасалған ғылыми қорытындылар негізінде келесі тәжірибелік ұсыныстар жасалды:

- БЖСМ мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды даярлау бағдарламасына біз педагогикалық эксперимент барысында қолданылған оқу-жаттығу жүктемелеріне негізгі құралдарды енгізу;

- мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды даярлау тәжірибесінде педагогикалық эксперимент барысында өзін оң қырынан көрсеткен мәнерлеп жүзудің хореографиялық және техникалық элементтері сол реттілігін қолдану;

- хореографиялық және техникалық элементтерді минутына 120-140 соғу/мин ырғағында және музыкалық сүйемелдеумен орындалатын жоғары үйлесімділік жағдайында меңгеру;

- сабақтың дайындық бөлімінде би-жүгіру және бой жазу жаттығуларын, тепе-теңдік-айналыс және секіру даярлығын, негізгі бөлігінде - буындар мен омыртқа жотасын, ептілік пен қимыл үйлесімділігін және тыныс алу гимнастикасын дамытатын жаттығуларды қолдану;

- жүзу техникасын үйретуге бағытталған сабақтарда есу техникасын меңгеру, мәнерлеп жүзудің негізгі ұстанымдарын және мәнерлеп жүзде бейнелі қимылдарды үйрету тапсырмаларын көбірек пайдалану;

- сабақты қорытынды бөлімінде икемділік, үйлесімділік, ептілік, ағзаның динамикалық және статикалық тұрақтылығын дамытатын жаттығуларды, сонымен қатар босаңсу жаттығуын кеңінен қолдану;

- жаттықтыру үрдісін басқаруда жас мәнерлеп жүзуші спортшы қыздардың даярлығының тәжірибелік ұсыныстар ретінде, сондай-ақ біздің педагогикалық эксперимент барысында алынған дене және техникалық даярлық көрсеткіштерін қолдану.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 «Дене шынықтыру және спорт» жайлы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 03 шілдедегі №228-V заңы (2017 жылдың 11 мамырында енгізілген өзгертулері мен толықтырулары №65-VI) // <http://adilet.zan.kz> 16.08.2018.

2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (2016 жылғы 09 сәуіріндегі толықтырулары мен өзгертулері) // <http://adilet.zan.kz>. 16.08.2018.

3 «ҚР дене шынықтыру және спортты дамытудың 2025 жылға Тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 11 қаңтарындағы Президенттің №168 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz> 17.08.2018.

4 «2016–2019 жылдарға Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2016 жылдың 01 наурызындағы №205 жарлығы // <http://adilet.zan.kz>. 17.08.2018.

5 «Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу үдерісін жүзеге асыратын түрлі дене шынықтыру-спорттық ұйымдарының тізбесін және олардың қызмет қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 106 бұйрығы (2016 жылғы 19 мамырдағы толықтыруларымен өзгертулері) // <http://adilet.zan.kz>. 17.08.2018.

6 «2025 жылға дейін Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спортты дамыту Тұжырымдамасын іске асыру бойынша шаралар жоспарын бекіту туралы (бірінші кезең - 2016 – 2020 жылдар)» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі №203 қаулысы // <http://adilet.zan.kz>. 17.08.2018.

7 Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының жұмысы бойынша Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілерінің жинағы: Алматы. - Экономика, 2015. – 1254 б.

8 Блеер А.Н., Суслов Ф.П., Тышлер Д.А. Терминология спорта. Толковый словарь-справочник. – М.: Академия, 2010. – 464 с.

9 Спортивный словарь. <http://www.niv.ru/doc/sport/slovar/sportivnyj-slovar-g.htm>. 20.08.2018.

10 Қасымбеков М.Б., Құсайнов А.Қ. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминалогиялық сөздік. – Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясы, 2014. – 464 б.

11 Аналитическая информация о развитии спорта и физической культуры в РК. [http://mks.gov.kz/rus/informery/komitety/kds/inf\\_sost\\_otrasli\\_kds](http://mks.gov.kz/rus/informery/komitety/kds/inf_sost_otrasli_kds). 23.08.2018.

12 Рыбьякова Т.В. Синхронное плавание: учебно – методическое пособие. – СПб.: Государственный институт физической культуры им. П.Ф.Лесгафта, 2006. – 34 с.



- 13 Булгакова Н.Ж., Максимова М.Н., Маринич М.Н. и др. Водные виды спорта: учебник для студ. высш. учеб. заведений / под ред. Н.Ж. Булгаковой. — М.: Издательский центр «Академия», 2003г. - 320 с.
- 14 Булгакова Н.Ж. Плавание: учебник для вузов. — М.: Физкультура и спорт, 2001. — 400 с.
- 15 Верхошанский Ю.В. Программирование и организация тренировочного процесса. - М.: Физкультура и спорт, 1985. - 176 с.
- 16 Макаренко Л.П. Юный пловец: учеб. пособие для тренеров ДЮСШ. - М.: Физкультура и спорт, 1983.- 286 с.
- 17 Воронцов А.Р. Научно – методические основы построения многолетней спортивной подготовки юных пловцов на основе учета возрастной динамики физического развития: учебное пособие для студентов и слушателей ВШТ / Гос. Центр. Ордена Ленина ин-т физ. Культуры. – М.:, 1987. – 66 с.
- 18 Кузнецова Т.Н., Павлов С.Е. Контроль за тренировкой пловцов по гематологическим показателям. Методическая разработка для тренеров, преподавателей и слушателей факультета повышения квалификации академии. – М.: РИО Академии, 1996. – 13 с.
- 19 Козлов А.В. Принципы многолетней подготовки юных пловцов: монография. – СПб.: ГАФК им. П. Ф. Лесгафта, 1998. – 148 с.
- 20 Козлов А.В. Планирование спортивной тренировки юных пловцов: учебное пособие. – СПб.: НГУ им. П.Ф. Лесгафта, 2013. – 72 с.
- 21 Викулов А.Д. Плавание: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: издательство ВЛАДОС-ПРЕСС, 2004. - 367 с.
- 22 Мамытов А. Теория спорта: учебное пособие. – Изд. 2-е, перер. и доп. – Бишкек: Каракол, 2005. – 236 с.
- 23 Андрущишин И.Ф. Комплексная система психолого-педагогической подготовки спортсменов: автореф. ... док. пед. наук: 13.00.04. – Алматы, 2008.- 48 с.
- 24 Андрущишин И.Ф. Комплексная система психолого – педагогической подготовки спортсмена: дис. ... док. пед. наук: 13.00.04. – Алматы, 2008. – 266 с.
- 25 Шепетюк М.Н. Теория и методика спортивной борьбы: учебное пособие. – Алматы: Федерация дзюдо РК, 2012. – 336 с.
- 26 Ашмарин Б.А. Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании: пособие для студентов, аспирантов и преподавателей институтов физической культуры. - М.: Физкультура и спорт, 1978. – 223 с.
- 27 Лисицкая Т.С., Сиднева Л.В. Аэробика. Теория и методика. – М.: ФАР, 2002. – Т.І – 221 с.
- 28 Лисицкая Т.С., Сиднева Л.В. Частные методики. – М.: ФАР, 2002. – Т.ІІ – 211 с.

- 29 Шинкарук О.А. Отбор спортсменов и ориентация их подготовки в процессе многолетнего совершенствования (на примере олимпийских видов спорта): монография. – Киев: Олимпийская литература, 2011. – 360 с.
- 30 Якимов А. М. Основы тренерского мастерства: учеб. пособие для вузов физ. культуры. — М.: Терра-Спорт, 2003. – 175 с.
- 31 Рыбьякова Т.В. Техника исполнения элементов высокой степени сложности в синхронном плавании и пути ее совершенствования: автореф. дис. ... канд. пед. наук. Гос. ин-т физ. культуры им. П. Ф. Лесгафта. – Ленинград: 1990. - 24 с.
- 32 Платонов В.Н. Спортивное плавание: путь к успеху: учебник // В 2 кн. - М.: Изд. «Советский спорт». – 2012. – Книга 1. – 480 с.
- 33 Платонов В.Н. Спортивное плавание: путь к успеху: учебник // В 2 кн. - М.: Изд. «Советский спорт». – 2012. – Книга 2. – 544 с.
- 34 Николаев Ю.М. Теоретико-методологические основы физической культуры в преддверии XXI века: монография. – СПб.: ГАФК им. П.Ф. Лесгафта, 1998. – 217с.
- 35 Бальсевич В.К. Онтокинезиология человека: монография. – М.:Теория и практика физической культуры, 2000. – 275 с.
- 36 Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – Изд. 2-е, перер. и доп. - М.: Издательский центр «Академия», 2003. - 480 с.
- 37 Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта: учебное пособие для вузов. - М.: Академия, 2000. - 480 с.
- 38 Лях В.И. Координационные способности: диагностика и развитие. – М.: ТВТ Дивизион, 2006. - 290 с.
- 39 Лях В.И. Двигательные особенности школьников: основы теории и методики развития. – М., 2000. – 192 с.
- 40 Матвеев Л.П. Общая теория спорта и ее прикладные аспекты. - М., 2001. - 323 с.
- 41 Матвеев Л.П. Теория и методика физического воспитания. – М.: Физкультура и спорт, 1988. – 303 с.
- 42 Озолин Н. Г. Настольная книга тренера: наука побеждать. – М.: АСТ: Астрель, 2004. - 863 с.
- 43 Теория и методика физической культуры: учебник под ред. Ю.Ф. Курамшина. – Изд. 3-е. – М.: Советский спорт, 2007. – 464 с.
- 44 Карпенко Л.А. Художественная гимнастика: учебник. – М.: ВФХГ, 2003. - 384 с.
- 45 Иссурин В.Б. Подготовка спортсменов XXI века: научные основы и построение тренировки. – М.: Спорт, 2016. – 464 с.
- 46 Шарабакина Н.И., Мамбеталиева К.У. Теория и методика физической культуры: учебное пособие для института физической культуры. – Бишкек: Шам, 1997. – 327 с.

- 47 Максименко А.М. Теория и методика физической культуры. – М., 2005. – 533 с.
- 48 Уанбаев Е.Қ. Дене тәрбиесінің негіздері: оқу куралы. – Алматы: «Санат», 2000. – 71 б.
- 49 Уанбаев Е.Қ., Уанбаева Ф.Ж. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ Баспасы, 2006. – 267 б.
- 50 Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі: педагогикалық мамандықтарға арналған оқулық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2011. – 433 б.
- 51 Аманбаев Р.Р. Спорт теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері: оқу құралы. – Алматы: «Алишер» баспаханасы, 2006. – 107 б.
- 52 Васильков А.А. Теория и методика спорта : учеб. для студентов вузов. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2008. - 379 с.
- 53 Филин В.П., Фомин Н.А. Основы юношеского спорта. – М.: Физкультура и спорт, 1982. - 280 с.
- 54 Филин В.П. Теория и методика юношеского спорта: учеб. пособие для институтов и техникумов физ. культуры. – М.: Физическая культура и спорт, 1987, - 128 с.
- 55 Никитушкин В.Г. Система подготовки спортивного резерва / под ред. В.Г. Никитушкина. – М., 1994. – 313 с.
- 56 Приставкаина М.В. Теория и методика отбора в художественной гимнастике: метод. рек. – Смоленск: издательство СГИФК, 1987. – 23 с.
- 57 Абсалямов Т.М., Тимакова Т.С. Научное обеспечение подготовки пловцов: педагогические и медико-биологические исследования. - М.: Физкультура и спорт, 1983. - 191с.
- 58 Тимакова Т.С. Подготовка юных пловцов в аспектах онтогенеза: методическое пособие. – М.: «Симилия», 2006. – 132 с.
- 59 Волков Л.В. Теория и методика детского и юношеского спорта: учебник. – Киев: Олимпийская литература, 2002. - 295 с.
- 60 Авсиевич В.Н. Управление тренировочным процессом юношей, занимающихся пауэрлифтингом, на основе учета биологического возраста: учебно-методическое пособие. — Казань: издательство «Бук», 2016. — 100 с.
- 61 Карпенко Л.А. Основы спортивной подготовки в художественной гимнастике: учебное пособие. - СПб.: ГАФК, 2000. - 40 с.
- 62 Алабин В.Г., Алабин А.В., Бизин В.П. Многолетняя тренировка юных спортсменов: учебное пособие. – Харьков: Основа, 1993. – 243 с.
- 63 Булгакова Н.Ж. Отбор и подготовка юных пловцов. - М.Физкультура и спорт, 1978.- 152 с.
- 64 Булгакова Н.Ж. Игры на воде для обучения и развлечения: методические рекомендации. – М.: Спорт, 2016. – 70 с.
- 65 Максимова М.Н. Теория и методика синхронного плавания: учебник. - М.: Советский спорт, 2012. - 304 с.

- 66 Парфенов В.А., Кононенко Ю.А. Синхронное плавание. – Киев: Здоровье, 1979. – 103 с.
- 67 Кашкина А.А., Попова О.И., Смирнова В.В. Плавание: программа. – М., 2004. – 216 с.
- 68 Макаренко Л.П. Плавание: поурочная программа для спортивных школ ДЮСШ, СДЮШОР, ШВСМ. – М., 1983. – 140 с.
- 69 Усольцева О. Плавание: книга-тренер. – М.: Эксмо, 2013. – 320 с.
- 70 Козлов А.В. Технологии спортивной тренировки в плавании: подготовка олимпийского резерва в спортивном плавании: учебное пособие. – СПб.: НГУ им. П.Ф. Лесгафта, 2014. – 134 с.
- 71 Козлов А.В., Орехов Е.Ф. Прикладное плавание: учебно-методическое пособие. – СПб.: Национальный государственный университет им. П.Ф. Лесгафта, 2012. – 53 с.
- 72 Козлов А.В. Планирование спортивной тренировки юных пловцов: учебное пособие. – СПб.: Национальный государственный университет им. П.Ф. Лесгафта, 2013. – 72 с.
- 73 Козлов А.В., Орехов Е.Ф. Обучение и совершенствование спортивных способов плавания: учебно-методическое пособие. – СПб.: Национальный государственный университет им. П.Ф. Лесгафта, 2010. – 246 с.
- 74 Elkington H., Chamberlain J. Synchronized swimming // *Swimming Times*. – 1986. – 130 p.
- 75 Mary Jo Ruggieri. Synchronized Swimming // *A Basic Skill Journal of Physical Education and Recreation*. – 1976. – Vol. 47, № 6. – P. 53- 54.
- 76 Mary Jo Ruggieri. United States Synchronized Swimming // *Journal of Physical Education, Recreation & Dance*. – 1984. – Vol. 55, № 3. – 29 p.
- 77 Gray J. Coaching Synchronised Swimming Figure Transitions // *Standart Studio*. – 1993. – 243 p.
- 78 Verma J.P. Sports research: with analytical solution using SPSS. First Edition. – Hoboken: John Wiley&Sons, Inc, 2016. – 392 p.
- 79 Никитушкин В.Г. Теория и методика юношеского спорта. – М.: Физическая культура, 2010. – 208с.
- 80 Вареник О.Н. Особенности организации и развития детско-юношеского спорта в разных странах мира // *Слобожанский научно-спортивный вестник*. – 2007. – № 12. – С. 322-324
- 81 Максачук Е.П. Педагогические основы спортивного воспитания в условиях ДЮСШ: монография. – М.: МГАФК, 2014. – 168с.
- 82 Карпенко Л.А. Основы спортивной подготовки в художественной гимнастике: Учебное пособие. – СПб.: издательство ГАФК, 2000. – 40 с.
- 83 Губа В.П. Теория и практика спортивного отбора и ранней ориентации в виды спорта. – М.: Совестский спорт, 2008. – 304 с.
- 84 Крылов А. И., Ивченко Е. В., Литвинов А.А. Тренерский практикум по избранному виду спорта со спортсменами различной квалификации (плавание): учебное пособие по направлению 49.04.01 «Физическая культура». – СПб.: Министерство спорта Российской Федерации; Национальный государственный

университет физической культуры, спорта и здоровья имени П. Ф. Лесгафта, 2014. - 97 с.

85 Колесникова С.В. Детская аэробика: методика, базовые комплексы. Ростов-на-Дону: Феникс, 2005. – 160 с.

86 Алабин В.Г., Алабин А.В., Бизин В.П. Многолетняя тренировка юных спортсменов: учебное пособие. – Харьков: Основа, 1993. – 243 с.

87 Приходько И.И., Левадня С.А., Кравченко Т.А. Система подготовки спортивного резерва в Украине. Современные технологии в сфере физического воспитания, спорта и валеологии // Матер. III междунар. научно-практической конф. – М.: Академия ВВМВС Украины, 2009. – С. 90-96.

88 Столов И.И. Спортивный резерв: состояние, проблемы, пути решения (организационный компонент). – М.: издательство «Советский спорт», 2008. – 132 с.

89 Хотина Н.И. Физическая подготовленность спортсменок и поэтапный педагогический контроль в синхронном плавании: автореф. ... канд. пед. наук. – Л., 1983. – 24 с.

90 Шмерко О.В. Обучение детей 5-7 лет плаванию с ведением элементов синхронного плавания: автореф. ... канд. пед. наук. – М., 2006. – 24 с.

91 Моисеев Н.П., Золотова Е.А. Особенности хореографической подготовки в синхронном плавании на начальном этапе обучения // Педагогика-психологические и медико-биологические проблемы физической культуры и спорта. - 2006. - Т. 1, № 1. - С. 145-149

92 Кулькова И.В. Построение тренировочного процесса гимнастов на этапе начальной подготовки: автореф. ... канд. пед. наук. – М., 1991. - 23с.

93 Куликов Л.М., Рыбаков В.В., Ярушин С.А. Двигательная активность и здоровье подрастающего поколения: монография. – Изд. 2-е, перер. и доп. – Челябинск: издательство Челябинский государственный университет, 2009. - 275 с.

94 Золотов В.Н. Физическое воспитание детей старшего дошкольного возраста с применением элементов синхронного плавания: автореф. ... канд. пед. наук. – Набережные Челны: КГАФКСТ, 2009. – 24 с.

95 Федоров А. И. Комплексный контроль в спорте: теоретико-методические, технические и информационные аспекты: учебное пособие. - Челябинск, 2004. – 139 с.

96 Федоров А. И., Береглазов В. Н. Комплексный педагогический контроль как основа управления тренировочным процессом: учебное пособие для студентов вузов физической культуры. – Челябинск: Уралский государственная академия физ. культуры, 2001. – 175 с.

97 Фирелева Ж.Е. Методика педагогического контроля и совершенствование физической подготовленности занимающихся художественной гимнастикой: методические рекомендации. - Ленинград: издательство ГПИ им. Герцена, 1981. - 232 с.

98 Фокина Е.Н. Хореография в общеобразовательной школе как средство гармонизации развития личности: дис. ... канд. пед. наук. - Тюмень, 2012. – 195 с.

99 Батибаева С.Г., Юркова Е.А. Физическая культура. Методическое пособие для педагогов по программе воспитания и обучения детей младшего дошкольного возраста «Зерек бала» (3-4 года). – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2016. – 304 с.

100 Ермаханова А.Б., Нурмуханбетова Д.К. Аналитический обзор подготовки спортивного резерва в Республике Казахстан. Научные исследования и разработки в спорте // Вестник аспирантуры и докторантуры. Выпуск 26. – СПб.: НГУ физической культуры, спорта и здоровья им П.Ф. Лесгафта, 2018. - С.7 – 11.

101 Максимова Н.М. Методика первоначального обучения синхронному плаванию: методическая разработка для студентов ГЦОЛИФКа (специализация синхронное плавание). - М.: ГЦОЛИФК, 1989 - 44 с.

102 Gray J. Teaching Synchronised Swimming. Amateur swimming association. – Salt Lake City: EP Publishing Ltd., 1975. – 62 p.

103 Мехтелева Е.А., Радина Н.Ю. Сравнительный анализ силовых и морфофункциональных способностей пловчих и синхронисток 9-17 лет // Материалы научно-практической конференции «Инновационные технологии в подготовке спортсменов». – М.: издательство ГКУ ЦСТ и СК Москомспорта РФ, 2013. – С.59-60.

104 Морозов С.Н., Мехтелева Е.А. Многолетняя динамика физической подготовленности синхронисток 9-13 лет // Международный научно-исследовательский журнал «INTERNATIONAL RESEARCH JOURNAL». – Астана, 2016. - Часть 3, №10 (52). - С. 172-175.

